



# КІРІСПЕ

## [Негізгі көрсеткіштер](#)

[2016 жылдың негізгі оқиғалары мен басым міндеттерді іске асыру](#)

[Бақылау кеңесі Төрағасының үндеуі](#)

[Бас директордың үндеуі](#)

## [Компания туралы](#)

[Компанияның қысқаша бағдары](#)

[Миссиясы, пайымы, құндылықтары](#)

[Стратегия және бизнес-үлгі](#)

[Компания дамуының қысқаша тарихы](#)

[Қызметінің географиясы](#)

[Тік біріктіру](#)

[Еншілес компаниялардың профильдері](#)

[Бәсекелестік артықшылықтар](#)

## [Менеджмент есебі](#)

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)

[Маркетингілік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

## [Корпоративтік басқару](#)

[Корпоративтік басқару принциптері](#)

[Менеджмент құрылымы](#)

[Кмпаниядағы корпоративтік басқару жүйесі](#)

[Бақылау кеңесі](#)

[Атқарушы орган](#)

[Сыйақы туралы ақпарат](#)

## [Тәуекелдерді басқару](#)

[Тәуекелдерді басқару жүйесі](#)

## [Тұрақты даму туралы есеп](#)

[Қоршаған ортаны қорғау](#)

[Әлеуметтік жауапкершілік](#)

[Қайырымдылық пен демеушілік](#)

[Денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі](#)

## [Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

## [Қысқартулар](#)

## [Байланыс ақпараты](#)

# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР



**30,38**

млрд теңге


ЕБИТДА

**17,08**


млрд теңге

ЖАЛПЫ КІРІС


**Кіріс, млрд теңге**




**Жалпы кіріс, млрд теңге**




**Электр энергиясын өндіру және өткізу, млн кВт·с**




**ЕБИТДА, млрд теңге**



**Таза кіріс, млрд теңге**



**Электр энергиясын беру, млн кВт·с**



# 2016 жылдың негізгі оқиғалары мен басым міндеттердің іске асыруы

2016

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС «Маңғыстау электр желілерін тарату компаниясы» АҚ-ның 6,23% жай акцияларын сатып алды.

Қазақстан қор биржасының (KASE) сауда жүйесінде «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС облигацияларын орналастыру бойынша алғашқы арнайы сауда-саттық өтті.

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-ның «ВВ-» деңгейінде шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингін (ЭДР) растады. Рейтинг бойынша болжам – «Тұрақты».

«Қазақстандағы № 1 жыл таңдауы» халықаралық конкурсы барысында «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС ресми «Қазақстандағы 2016 жылғы – № 1 энергетикалық компания» болды.

**«Қарағанда Энергоцентр» ЖШС**  
Қарағанды ЖЭО-3-те пайдалануға оған электр қуаты 110 МВт турбина және жылу қуаты 400 Гкал/с бу қазандығы кіретін жаңа энергия блогын енгізді. Соның арқасында Қарағанды ЖЭО-3 Қазақстан Республикасының ең ірі жылу-электр орталығына айналды.

**«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС**  
Шымкент қаласында жабық типтегі 110/10 кВ «Нұрсат» қосалқы электр станциясы пайдалануға қосылды. ЭЖ-110 кВ Л-108 бастап ҚС 110/35/10 кВ дейін ұзындығы 5,5 км «Советская» қопарғышы бар ЭЖ (әуе желісі) – 110 кВ құрылысы орындалды.

Жалпы ұзындығы ЭЖ-0,4 кВ – 220 км, ЭЖ-6-10 кВ – 7 км ӨКС (өзін көтеруді сым) қолданумен ЭЖ-0,4-10 кВ электр берілісінің әуе желілерін толықтай жаңғырту жобасы әзірленіп, орындалды.

Шымкент қаласында ұзындығы 1 714 м КЖ-ға (кабельдік желі) «Нұрсат» ҚС (қосалқы станция) 110/10-10 бастап 110/10-10 «Северная» ҚС дейін салынды және пайдалануға енгізілді.

Түркістан қаласында 36 ТҚ, ҚЖТҚ, ЖТҚ 4 172 абонентті қамтитын ЭКЕАЖ ЭБН енгізілді.

**«Қарағанды Жарық» ЖШС**  
Жаңғыртылды: ТҚ, күштеу қондырғысы бар ЖТҚ – 119 дана, ҚЖ-52 км, КВЛ (ӨОС) – 88 км. 0,4-10 кВ тарату желілерін ауқымды қалпына келтіру жүргізілді. ЖЭЖ БДҚ диспетчерлік пунктінің жаңа ғимараты салынды. ҚС 110/10кВ «Тихоновка» құрылысы үшін жер учаскесіне арналған жер-кадастр жоспарын жасау бойынша жұмыстар орындалды.

**Топтың өткізу компаниялары**  
Абоненттерге қызмет көрсету сапасы мен ыңғайлылығын арттыру: қазіргі ІТ шешімдер мен телефония құралдары қолданылды, массалық қызмет көрсету орталықтарының саны ұлғатылды.

Абоненттер саны 23 мыңға немесе 2,5%-ға артты.

«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС 2016 жылы тұтынушылармен бірыңғай төлем құжаты (БТҚ) бойынша есеп айырысуға көшті.

**Есепті күннен көйінгі негізгі оқиғалар**  
2017 жылғы қаңтарда «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Қазақстан қор биржасында облигацияларды табысты орналастыру жолымен 882 446 320 теңге көлемінде қаржы тартты.

2017 жылғы наурызда «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС 2024 жылға дейін өтеу мерзімімен 7 200 000 мың теңге жалпы сомасына AES Middelzee Holding B.V. акцияларын 100% алуға «Сбербанк» АҚ ЕБ-да несие желісін ашты.

2017 жылғы сәуірде «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Шығыс Қазақстан облысында жалпы белгіленген қуаты 447,5 МВт Өскемен ЖЭО және Согрин ЖЭО өндіруші активтерін алды.

## БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

# 22%

ГЕНЕРАЦИЯЛАУ  
КӨРСЕТКІШІНІҢ ҰЛҒАЮЫ



### Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің атынан тілек білдіруге рұқсат етіңіздер.

Қазіргі кезде республиканың энергетикалық саласында барынша оптимистік және болжамдық жағдай қалыптасты. Тозу деңгейін ескергенде, елдегі электр станциялары бүгінгі күні 70% құрайды, энергетика нарығын реттеушілер мен қатысушыларға жағдайды жақсарту үшін негізгі, заманауи шаралар қабылданады. Атап айтқанда, отандық станциялар қазір активтерді өндіруші негізгі құралдарды жаңғыртудың белсенді кезеңінде. Нарыққа қатысушыларды республиканың энергия жүйесіне тұрақты инвестициялау жақын жылдары жалғасын табады. «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС меншігіндегі станцияларды қаржыландыру ЖЭО-ның электрлік және жылу қуатын өсіруге, энергетикалық активтерді басқаруда инновациялық әдістерді пайдалана отырып, қондырғыларды реконструкциялау мен жаңғыртуға бағытталатын болады.

«ҚКЖ» компаниясы Тобының 2016 жылды өзінің барлық үш бөлімін – электр және жылу энергиясын өндіру, оны түпкілікті тұтынушыларға беру мен өткізудің тұрақты өсуін және қарыштап дамуын көрсететін көрсеткіштермен аяқтағанын сеніммен айта аламын. Бұл сындарлы қаржылық саясат пен «ҚКЖ» ЖШС құрылымына кіретін барлық еншілес ұйымдардың инвестициялық бағдарламаны табысты іске асырғанын білдіреді.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-ның 2016 жылы электр энергиясын өндірудің – 22% рекордтық ұлғайғанын ерекше атап өткіміз келеді. ҚКЖ негізгі өнім өндірісінің осындай өсуі электр және жылу энергиясының төрттен бір бөлі-

гінің көбін өндіруге мүмкіндік беретін Қарағанды ЖЭО-3 жаңа энергия бөлігін пайдалануға енгізумен түсіндіріледі. Бұл жағдай бүкіл өңірдің экономикасын дамытуға жаңа серпін берді. Станцияның қуатын ұлғайту Қарағанды өңірінде жаңа энергия сыйымды өндірісті орналастыруға мүмкіндік берді. Шағын және орта бизнес қосымша энергетикалық қолдауға ие болды. Жаңа енгізілімдерді ескере отырып, Қарағанды ЖЭО-3 670 МВт қуатқа шықты.


«ҚКЖ» ЖШС стратегиясы дамудың келесідей бағыттарын бағамдайды: ауқымды инвестициялық бағдарламаны қолда бар қуатпен одан әрі іске асыру, жаңа электр желілерін салу мен қатар, өндіруші қуатты кеңейту.

Республикамыздың халық саны үздіксіз ұлғаюда, отандық экономика жыл сайын ілгерінді өсіп келеді. Елдегі энергия тұтынудың ұдайы өсуі – заңдылық. Сәйкесінше, энергетикалық компанияларға айрықша жауапкершілік пен қосымша жүктеме жүктеледі. Энергетика азаматтардың өмірі мен игілігіне тікелей әсер ететін стратегиялық маңызды сала болып табылады және солай болып қала береді. Біз ҚКЖ компаниясының Тобына кіретін өңірдің тұрғындарын энергиямен үздіксіз және сапалы қамтамасыз етуде өзіміздің жауапкершілігіміз бен міндетімізді толық сезінеміз.

Компанияның алдағы уақытта табысты дамуына және оның алдағы болашағына сенім арттамын және ҚКЖ бүкіл ұжымына олардың алдына қойған мақсаттар мен міндеттерді табысты іске асыруды тілеймін және олардың жоғары нәтижеге қол жеткізетініне сенемін.

Ізгі ниетпен, **Динмухамет Идрисов**

# БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



## Құрметті оқырмандар!

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС басшылығының атынан тілек білдіруге рұқсат етіңіздер. Сіздердің назарларыңызды біздің компанияның өткен кезеңдегі қызметіне жүргізілген осы шолуға аудара отырып, мен оның Сіздерге біздің ұйыммен танысуға және пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік берумен ғана шектелмей, сонымен қатар біздің аразымызда өзара тиімді ынтымақтастық орнату үшін бастапқы нүкте ретінде қызмет ететініне сенім білдіремін.

Біздің компанияны Қазақстанда көпшілігі ұзақ жыл бойы республиканың электр энергетикасы секторының бірден-бір негізгі ойыншысы болып табылатын «ҚКЖ» аббревиатурасымен біледі. Компания құрылымы электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау сияқты бизнесті дәстүрлі қамтиды.

ҚКЖ құрылған күннен бастап тек оң өсім көрсетіп келеді. Бұған компанияның бүкіл ұжымының үлкен және еңбекті көп қажетсінетін жұмысы ықпал етіп келді. Біздің дамудың негізгі басымдығы үнемі өз өндірістік объектілерімізде инновациялық шешімдерді, ғылыми, жаңашыл әдісті пайдалану болды және болып келеді. Бұл ҚКЖ құрамына кіретін еншілес барлық ұйымдарға қатысты.

Өткен кезең біз үшін аса маңызды болды. 2016 жылы біз компанияның бірден-бір белгілі мәмілесі – жаңа энергетикалық активтерді, атап айтқанда, Өскемен және Согрин ЖЭО-сын алуға дайындықты бастады, бұл біздің қамту географиямызды үш өңірге: Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына дейін кеңейтеді. Біз өзіміздің несиелік рейтингімізді растадық: Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-ның «BB-» деңгейінде шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингін және «BBB+(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингті растады, рейтинг бойынша болжам – «Тұрақты». 2016 жылдың қорытындысы бойынша біздің компанияның EBITDA өсуі 41%-ды құрады. Біздің өндірістік активтер 2016 жылдың соңында Қазақстандағы ең жаңартылған активтің бірі болды.

Осының барлығы елеусіз қалған жоқ. «Жыл таңдауы» халықаралық конкурс-фестивалі барысында ҚКЖ-ға «2016 жылдың № 1 Қазақстан энергетикалық компаниясы» атағы берілді.

Мұндай нәтижеге жету үшін көбінесе республикада біздің қатысуымызбен жасалатын нарықтағы экономикалық жағдай көмектесті. Бұл үшін біз Үкіметке алғыс айтамыз. 2015 жылдың соңында электр энергетикасындағы нарықтық өзара қатынасты ырықтандыру бойынша жүргізілген реформа Компания қызметінде оң көрініс тапты. Біз 2016 жылды

жақсы қаржылық нәтижемен аяқтадық және станцияларға арналған босату тарифтерінің шекті деңгейінің 2018 жылдың соңына дейін 2015 жылғы баға деңгейінде тұрып қалу жағдайына қарамастан, жоспарланған инвестициялық шараларды тиімді жүзеге асырдық. Электр энергиясын беру мен тарату секторында да нәтижелілік аз емес. Біздің желілік компаниялар үшін 2020 жылға дейін бекітілген беру тарифтерінің шекті деңгейі біздің алдағы дамуымызға үлкен айқындық енгізеді, қабылдаған инвестициялық бағдарламаларды табысты іске асыруға кепілдік береді.

Біз бір орында тұрып қалмай, үнемі даму үстіндеміз, олқылықтармен жұмыс істейміз. Біз тұтынушылар талаптарына барынша сай келуге тырысамыз, өйткені электрмен жабдықтауда сапалы қызмет көрсету – табысқа жетудің бірден-бір кілті екендігін түсінеміз. Біздің барлық күшіміз соған бағытталған. Біз әр қадаммен мақсатымызға келеміз. Егер бейнелеп айтатын болсақ, 2016 жылы біздің Қарағанды облысында электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (ЭКЕАЖ) барлық деңгейін енгізуді аяқтағанымызды және оны Оңтүстік Қазақстан облысында енгізуге көшкенімізді мақтанышпен айта аламын. 2016 жылдың аяғындағы жағдай бойынша біздің желілер бар аумақта жаңа тұтынушылардың үлкен санының қосылу мүмкіндігі бар. 2016 жылы өткізілген шарамен бірге аталған шара Қарағанды ЖЭО-3-ті 110 МВт ұлғайтуда ел экономикасын дамытуға белсенді ықпал етеді.

Біздің алдағы іс-әрекетіміз тек қол жеткізілген позицияны жақсартуға бағытталған. 2017 жылы біз ЭКЕАЖ-ды бөлшектік нарық деңгейінде негізгі екіпіннен Оңтүстік Қазақстан облысына енгізуді жалғастырамыз. Біздің өндіруші және желілік активтерді жаңғырту жоспарының шегінде біз энергетикалық және әсіресе біздің станциялардың экологиялық тиімділігін арттыруға, сондай-ақ төмен санаттағы кернеу желілерінің конфигурациясын өзгертуге, жалпы желілердің өткізу қабілетін ұлғайтуға және технологиялық процесті автоматтандыруға артықшылықты бағытталған маңызды инвестициялық еселеуді жоспарладық.

Біз жүргізген жұмыстың бәрі ҚКЖ Бақылау кеңесінің жан-жақты қолдауынсыз және сенімсіз тиімді болмаған болар еді, сол үшін біз оларды құрметтейміз.

Мен ҚКЖ ұжымының 2017 жылдағы ынтымақты жұмысы қойылған мақсаттарға жетуге ғана емес, сондай-ақ компанияны барынша қарқынды дамыту үшін негіз дайындауға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Ізгі ниетпен, **Наби Айтжанов**

[Компания туралы](#)[Компанияның қысқаша бағдары](#)[Миссиясы, пайымы,  
құндылықтары](#)[Стратегия және бизнес-үлгі](#)[Компания дамуының қысқаша  
тарихы](#)[Қызметінің географиясы](#)[Тік біріктіру](#)[Еншілес компаниялардың  
профильдері](#)[Бәсекелестік артықшылықтар](#)

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БАҒДАРЫ

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС (ҚКЖ, Компания немесе Топ) – Қазақстан Республикасының аумағындағы электр және жылу энергетикасы саласындағы табысы сатылай біріктірілген компания.

Топ мемлекеттің энергетика саласындағы саясатына жауап беретін стратегияны әзірлейді және дамытуды іске асырады. ҚКЖ-ны дамытудың негізгі факторлары: қолда бар активтерді жаңғырту, өндіруші және энергия беруші қуатты ұлғайту, сондай-ақ өткізу компанияларының клиентке бағдарлануы.

ҚКЖ Тобының кәсіпорны электр мен жылу энергиясын өндіруден бастап оларды түпкілікті тұтынушыға жеткізуге дейінгі өндірістік тізбекті құрайды. 2016 жылы компания қызметін еліміздің екі өңірінде – Оңтүстік Қазақстан

мен Қарағанды облыстарында жүргізді. ҚКЖ-ның барлық кәсіпорнына еншілес ұйымдардың барлық құрылымдық бөлімшелерінің өзара тиімді ықпалдастығын қамтамасыз ететін бірыңғай басқару үрдісі енгізілді. 2017 жылдың сәуірінен бастап ҚКЖ жаңа өндіруші активтерді алғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысына таныстырылды.

ҚКЖ тұрақты және несиеге қабілетті Компания болып табылады. 2016 жылдың тамызында Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚКЖ-ның «BB-» деңгейінде шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингін растады. Сондай-ақ агенттік «BBB+(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингті растады. Рейтинг бойынша болжам – «Тұрақты». ҚКЖ-ның 12,3 млрд теңге көлеміндегі облигациялық бағдарламасы ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР-ға сәйкес «BB-» рейтингіне ие.







Компания туралы

[Компанияның қысқаша бағдары](#)

[Миссиясы, пайымы, құндылықтары](#)

[Стратегия және бизнес-үлгі](#)

[Компания дамуының қысқаша тарихы](#)

[Қызметінің географиясы](#)

[Тік біріктіру](#)

[Еншілес компаниялардың профилдері](#)

[Бәсекелестік артықшылықтар](#)

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС стратегиясы



Корпоративтік дамыту

- Топ корпоративтік басқарудың басқарушылық инновацияларын, халықаралық стандарттарын енгізуде.
- ҚКЖ-не және жалпы ел энергетикасына халықаралық инвестициялар ағымын кеңейтуді ынталандыруға екпін.
- Топ жұмыскерлермен жауапты қатынастарды құра отырып, адам капиталының дамуын қолдауға ұмтылуда.
- Компанияның оң имиджін және күшті брендті қалыптастыру.
- Компания мүдделерін заңнамалық деңгейде белсенді ілгерілету.

Компания туралы

[Компанияның қысқаша бағдары](#)

[Миссиясы, пайымы, құндылықтары](#)

[Стратегия және бизнес-үлгі](#)

[Компания дамуының қысқаша тарихы](#)

[Қызметінің географиясы](#)

[Тік біріктіру](#)

[Еншілес компаниялардың профильдері](#)

[Бәсекелестік артықшылықтар](#)

# КОМПАНИЯ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

## 2008–2010

- 2008 ж. 3 қарашада «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС басқарушы компаниясы құрылды.
- Топ сатылай біріктірілген энергетикалық компания құру мақсатында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-не және «Қарағанды Жарық» ЖШС-не 100%-дық үлеспен қатысуға бақылау алды.
- 2010 ж. Топ жарғылық капиталға қосымша жарна енгізу және қатысушылар арасында үлесті қайта бөлу жолымен «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС қатысушыларының құрамына кірді.

## 2011

- Сатылай біріктірілген энергетикалық компания құру мақсатында «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС, «Расчетный сервисный центр» ЖШС, «Энергопоток» ЖШС және «Оңтүстік Жарық» ЖШС-не 100%-дық үлеспен қатысуға бақылау алды.
- 110 МВт және 185 Гкал/с жаңа энергоблок (қазандық + турбина) салу туралы шешім.
- «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-3, ЖЭО-1 апаттылығы 50%-ға төмендетті.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС екі жаңа қосалқы станцияны пайдалануға енгізді.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізді, 2-кезең.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС ВЛ-110 кВ ГРЭС-1 – ЖЭО-2 салу.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС қосу нүктесін барынша тез табу үшін техникалық шарттар беру мақсатында база мен тұтынушылардың автоматтандырылған жүйесін (БМТАЖ) енгізді.
- Қарағанды ЖЭО-3 кеңейтуге, № 6 энергоблоқты орнатуға бағытталған ЕРС-келісімшартына қол қойды.
- Қуаты 120 МВт № 5 жаңа турбина пайдалануға енгізілді.
- «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-3-те таспалық конвейерлер (2А, 3А, 4Б орам) реконструкциясы.
- «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС № 4 градирлерді пайдалануға енгізу.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС компаниясының ЭКЕАЖ енгізуі, 3-кезең.
- Трансформаторларды жаңғырту, электрмен жабдықтаудың сенімді жүйесін құру және қамтамасыз ету үшін сыртқы электр желілерін дамыту.

## 2012–2013

- «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС үшін 30 млрд теңгеге несие желісін ашуға «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-мен шартқа қол қою.
- «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларында қалдықтарды құрғақтау қалау үшін жаңа күл үйіндісін салу.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС «Жарық» қосалқы станциясын (ҚС) салу.
- ТОО «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС 110 кВ «Северная» ҚС және «Нұрсат» ҚС құрылысын бастады.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС әзірленген жұмыс жобаларына сәйкес 10/6/0,4 кВ электр желілерін реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтау бойынша жұмыстарды орындау.
- «Energy Center» ЖШС құру. Компанияның жарғылық қызметі жылу және электр энергиясын өндіру болып табылады. Серіктестікке қатысу үлесінің 100%-ы ҚКЖ-ға тиесілі.


## 2015

- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Шымкент қаласының Тараз ықшам ауданында 0,4-10 кВ желінің құрылысын табысты аяқтады.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС ұзындығы 2,8 км ӘЖ-110 кВ ЛЛ-108 бастап 110/10 кВ «Самал» ҚС дейін «кіру-шығу» схемасы бойынша 110 кВ екінші әуе желісінің құрылысын аяқтады.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС желтоқсанда 10/0,4 кВ ЭКЕАЖ енгізді, 2015 ж. нәтижеде Түркістан қаласында 31 ЖТҚ және 3 740 тұтынушы қамтылды.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС күштеу трансформаторының белгіленген қуаты 2x40 МВА жабық типті «Нұрсат» ҚС 110/10-10кВ жобалады, салды және пайдалануға енгізді.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС 220/110/35 кВ «Жарық» ҚС 220/110/35 құрылысын аятады және енгізуді жүзеге асырды.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС 110/35/10 кВ «Сантехническая-2» ҚС 110/35/10 кВ, сондай-ақ жетек монтажи АС-300 ш.мм L – 1,3 км ӘЖ-110 кВ «ЖЭО-3 – Сантехническая-2» салды және пайдалануға енгізді.

## 2014

- 2013 ж. бастап № 6 турбина мен № 8 қазандықты орнату арқылы «Қарағанды Энергоцентр» ЖЭО-3 кеңейту процесі өтуде.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС 220/110/10 кВ «Жарық» ҚС және 110/35/6 кВ «Сантехническая-2» ҚС қосалқы станцияларын пайдалануға енгізді.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС «Северная» (2x40 000 кВА) қосалқы станциясын енгізді, 10/0,4 кВ желілер, кернеуі әр түрлі санатты ҚС құрылысы мен жаңғыртуды жүргізді.
- «ОҚО-дағы жел электр станциясының құрылысы» жобасы.
- Еншілес өткізу ұйымдарында коммуналдық қызметтің барлық түрін жеткізу бойынша «Бірыңғай биллингтік жүйе» енгізілді және клиенттік база кеңейтілді, байланыс-орталықтарын құру үшін ғимараттар алынды.
- Инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізілді және Топтың өндірістік-жөндеу кәсіпорындарының жобасында ТЭН әзірленуі үстінде.

- 2015 ж. 15 шілдеде балама энергетиканы дамыту арқылы Топтың қызметін әртараптандыру мақсатында «Ветропарк «Жүзімдік» ЖШС құрылды, оған қатысу үлесінің 100%-ы «ҚКЖ» ЖШС-ға тиесілі.
- Қарашада Қарағанды облысында тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін «ЕРЦ» ЖШС-мен бірлескен бірыңғай төлем құжатын (БТҚ) енгізу бойынша жоба іске асырылды, ол «бір терезе» принципі бойынша әзірленді, кассалық тораптар саны ұлғайтылды, электронды кезек жүйесі енгізілді.
- Қарағанды ЖЭО-3-те «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС қуаты 110 МВт жаңа энергоблоқты пайдалануға енгізу бойынша монтаждық жұмысты аяқтады. Блоқты тораптық қабылдау қондырғысы арқылы толық қуатта сынақ іске қосу жүзеге асырылды, жаңа желдету градирі жұмысқа қосылды.
- Оңтүстік Қазақстан және Шымкент қаласының еншілес өткізу ұйымдарында жаңа байланыс-орталықтары ашылды.



Компания туралы

[Компанияның қысқаша бағдары](#)

[Миссиясы, пайымы, құндылықтары](#)

[Стратегия және бизнес-үлгі](#)

[Компания дамуының қысқаша тарихы](#)

[Қызметінің географиясы](#)

[Тік біріктіру](#)

[Еншілес компаниялардың профильдері](#)

[Бәсекелестік артықшылықтар](#)

# ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

2016 жылы Топ Қазақстанның 14 облысының 2-еуінде – Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында таныстырылды. Осы өңірлер халқының жалпы саны – 4,3 млн адам, бұл республика халқының шамамен 25%-ын құрайды.

ҚКЖ қызметін тұтынушылар 2016 жылдың қорытындысы бойынша 800 мыңнан астам жеке тұлғалар мен 31 мыңнан астам заңды тұлғалар болды.

Қарағанды облысында Топ жылу, электр энергиясын өндіруге және суды химиялық тазартуға, сондай-ақ электр және жылу энергиясын тасымалдауға, таратуға және өткізуге, ал Оңтүстік Қазақстан облысында – тек электр және жылу энергиясын тасымалдауға, таратуға және өткізуге ден қояды.



Топ Қарағанды облысында электр энергиясын генерациялау нарығының 33%-ын, электр тасымалдау нарығының 28%-ын, жылумен жабдықтау нарығының 70%-ын (ҚКЖ Қарағанды қаласын жылумен қамтамасыз етуде), сондай-ақ электр энергиясын тұтыну нарығының 69%-ын және ҚКЖ энергия өткізу компанияларының есебінен серіктес-қалаларды иемденеді.

Оңтүстік Қазақстан облысында электр энергиясын тасымалдау үлесінің 69%-ын және энергия өткізу секторының 66%-ын иемденеді.





**ҚКЖ 2017 жылдың сәуірінен бастап өз қызметін сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысында жүзеге асырады, мұнда Өскемен ЖЭО мен Согрин ЖЭО алынған.**



## Оңтүстік Қазақстан облысы



## Қарағанды облысы



# ТІК БІРІКТІРУ

Топ 2016 жылдың соңында 8 энергетикалық компанияға ұсынылған сатылай біріктірілген компанияны білдіреді.

Топ компаниялары қызметкерлерінің саны 2016 жылы – 7,4 мың адам.

Топ ішінде төмендегідей сегменттерге бөлінеді:

**Генерациялау**

- «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС;
- «Ветропарк «Жүзімдік» ЖШС.

**Тасымалдау және тарату**


- «Қарағанды Жарық» ЖШС;
- «Оңтүстік Жарық Транзит».

**Өткізу**


- «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС;
- «Расчетный сервисный центр» ЖШС;
- «Оңтүстік Жарық» ЖШС;
- «Энергопоток» ЖШС.

**2016 жылдың қорытындысы бойынша ҚКЖ Қазақстан халқының 25%-ы тұратын қатысу өңірінің электр және жылумен жабдықтау қызметтерін қамтиды.**

**Кіріс құрылымы, 2016 ж.**



- Электр энергиясын сату
- Электр энергиясын беру
- Жылу энергиясын сату
- Өзгелері



## Компания туралы

[Компанияның қысқаша бағдары](#)

[Миссиясы, пайымы, құндылықтары](#)

[Стратегия және бизнес-үлгі](#)

[Компания дамуының қысқаша тарихы](#)

[Қызметінің географиясы](#)

[Тік біріктіру](#)

[Еншілес компаниялардың профилдері](#)

[Бәсекелестік артықшылықтар](#)

# ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПРОФИЛЬДЕРІ

## Генерациялау

**«Қарағанда Энергоцентр» ЖШС** – Топтың екі электр станциясын – Қарағандыдағы ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларын біріктірген компания.

### ЖЭО-1

- Электр қуаты: белгіленген – 32 МВт, қолда бар – 24 МВт.
- Жылу қуаты: белгіленген – 460 Гкал/с, қолда бар – 234,5 Гкал/с.

### ЖЭО-3

- Электр қуаты: белгіленген – 670 МВт, қолда бар – 536,1 МВт.

## Тасымалдау және тарату

**«Қарағанды Жарық» ЖШС** – Қарағанды облысындағы электр желілік компания.

Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысындағы қалалық, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тұтынушыларына арналған 0,4–220 кВ электр желілері:

- ЭЖ 0,4-220 кВ – 5 144 км;
- ҚЖ 0,4-35 кВ – 1 676 км;
- Қосалқы станциялар 220/110/35 кВ – 105 бірл.;
- ЖҚТ – 242 дана;
- ТҚ, ЖТҚ, ТП 6-10/0,4 кВ – 1 811 дана.

**Қызметкерлер саны – 1 576 адам.**

## Өткізу

**«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС** – Қарағанды облысындағы энергия өткізуші компания.

2 аудандық және 2 қалалық өткізу учаскесі.

**Жылумен жабдықтау бойынша абоненттер саны:**

- 146 800 абонент – жеке тұлға;
- 2 951 абонент – заңды тұлға.

- Жылу қуаты: белгіленген – 1 429 Гкал/с, қолда бар – 1 057 Гкал/с.

**Қызметкерлерінің жалпы саны – 1 345 адам.**

**«Ветропарк «Жүзімдік» ЖШС** – іске асыру кезеңінде тұрған Оңтүстік Қазақстан облысындағы балама энергетиканы дамыту жобасы (ОҚО, Бәйдібек ауданы, Шаян кенті).

**«Жүзімдік» ЖЭС-нің белгіленген қуаты – 40 МВт.**

**«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС** – Оңтүстік Қазақстан облысындағы электр желілік компания.

Электр желілері 0,4-110 кВ Шымкент қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысының қалалық, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тұтынушыларын электрмен жабдықтауға арналған:

- ЭЖ 0,4-110 кВ – 22 387 км;
- ҚЖ 0,4-110 кВ – 687 км;
- Қосалқы станциялар 110–35 кВ – 247 бірл.;
- ЖҚТ – 349 дана;
- ТҚ, ЖТҚ, ТП 6-10/0,4 кВ – 5 573 дана.

**Қызметкерлер саны – 3 340 адам.**

**Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:**

- 185 100 абонент – жеке тұлға;
- 4 838 абонент – заңды тұлға.

**ЫСЖ бойынша абоненттер саны:**

- 126 781 абонент – жеке тұлға;
- 1 751 абонент – заңды тұлға.

**Қызметкерлер саны – 295 адам.**

**«Расчетный сервисный центр» ЖШС** – Қарағанды облысындағы энергия өткізуші компания.

2 аудандық және 1 қалалық өткізу учаскесі.

**Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:**

- 51 581 абонент – жеке тұлға;
- 1 660 абонент – заңды тұлға.

**Қызметкерлер саны – 44 адам.**

**«Оңтүстік Жарық» ЖШС** – Оңтүстік Қазақстан облысындағы энергия өткізуші компания.

18 аудандық және 1 қалалық өткізу учаскесі.

# БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Стратегиялық маңызы – Топ пен оның еншілес компаниялары 2016 жылдың қорытындысы бойынша **Қазақстан халқының 25%-ын (4,3 млн адам) электрмен және жылумен жабдықтау қызметтерімен қамтиды.**
- **Сатылай біріктірудің, ауқымдылықтың және әртараптандырудың** артықшылықтары Топтың 2016 жылдың аяғында 800 мың жеке тұлға мен 31 мың заңды тұлғаны қамтитын өз клиенттеріне сапалы қызмет ұсынуда барынша тиімді қызметке қол жеткізуге ықпал етеді. Қатысу аймақтарында ҚЖЖ басым орын алады.
- Электр энергиясын **сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарттарын** жасау мүмкіндігі ұзақ мерзімді даму жоспары бар ірі өнеркәсіптік тұтынушыларды тартуға мүмкіндік береді.
- Топ өзін Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында ұсынылған нақты сектордағы компаниялар арасынан

**Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:**

- 378 201 абонент – жеке тұлға;
- 15 951 абонент – заңды тұлға.

**Қызметкерлер саны – 483 адам.**

**«Энергопоток» ЖШС** – Шымкент қаласы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысындағы энергия өткізуші компания.

5 қалалық өткізу учаскесі.

**Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:**

- 181 453 абонент – жеке тұлға;
- 8 803 абонент – заңды тұлға.

**Қызметкерлер саны – 249 адам.**

борышқорлық міндеттемелердің **аса тартымды эмитенттерінің бірі** ретінде көрсете білді. **2016 жылдың 1 тамызында** Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-ге «BB–» деңгейіндегі шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін **растады.** Сондай-ақ агенттік компанияға «BBB+(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингін берді. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».

- Шетелдік валютадағы ұзақ жүктеменің жоқтығы, сәйкесінше **икемді бағалық саясатпен** қамтамасыз ету мүмкіндігінің болуы.
- Топ **қаржыландыру көздерін ойдағыдай әртараптандыруда.**



Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)


[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

# МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Жалпы ішкі өнім динамикасы



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Өндірілген жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 2016 жылы 46,2 трлн теңгені құрады (алдын ала мәлімет бойынша) және алдыңғы жылмен салыстырғанда, 1,0% шынайы мәнге ұлғайды. Бұл, сөз жоқ, Қазақстан экономикасы үшін кішкентай ғана өсім, алайда сонымен бірге құлдырау да болмай қалған жоқ.

Бірінші кезекте ЖІӨ-нің өсуіне қысым өнеркәсіптегі құлдырау болды. Алдыңғы жылдағы өнеркәсіптік өнімнің нақты көлем индексі 98,9%-ды құрады. Бұл көбінесе тау-кен өндіруші саладағы төмендеуге байланысты (ҚҚД – 97,3%). Мұнай өндіру (1,8%), көмір мен лигнит (4,9%), темір кені (12,9%) кеміді. Бұл ретте табиғи газ өндіру көлемі (4,8%) және түсті металл-дар кені (7,8%) ұлғайды.

Өңдеу өнеркәсібі аздаған ілгерілеуге ие болды. Өсу 0,7%-ды құрады және металл өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің (6,6%, өңдеу өнеркәсібіндегі үлес – 41,6%) және тағам өнімі өндірісі көлемінің (3,9%, үлес – 16,3%) ұлғаюы қамтамасыз етілді.

ЖІӨ қолдау атап айтқанда ауыл шаруашылығында (5,5%-ға өсу), құрылыста (7,9%), көлікте (жүк айналымы 0,5%-ға өсті) және бөлшек саудада (0,9%) болды. Сондай-ақ экономикадағы оң өсу мен негізгі капиталдағы инвестицияның өсуі – 5,1%.

Қазақстандағы ішкі сауда айналымы 2016 жылы алдын ала мәлімет бойынша 61,95 млрд АҚШ долларын құрады, бұл

Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)


[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)

[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

Тұтынушылар бағасының индексі, %



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 19%-ға төмен. 2015 жылы құлдырау қатты болып, 36,6%-ға жетті. Экспорт 2016 жылы 20%-ға, 2015 жылы – 42,2%-ға төмендегінін көрсетті.

2016 жылы алдыңғы жылдағыдан едәуір төмендегеннен кейін мұнай бағасын белгілеуде өсу байқалды. 2016 жылы Brent маркалы мұнай бағасы әлемдік тауарлық биржада 43,4%-ға өсті және 2016 жылғы желтоқсанда бір баррель үшін 54,1 АҚШ долларын құрады. Алайда 2016 жылы қаңтар-желтоқсанда 44 АҚШ долларын құрады, бұл 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 15,9%-ға төмен.

Ел экспортына, мұнай өндірудің нақты көлемін қысқартуға, сондай-ақ Ресей мен Қытай экономикасын тежеуге негіз болып табылатын энергия тасымалдағыштар мен өнеркәсіптік металдың әлемдік бағасына сақталған күрделі конъюнктура Қазақстан экономикасы айтарлықтай кері әсер етеді.



ҚР Ұлттық экономика министрлігінің болжамы бойынша, 2017–2021 жылдары ЖІҚ өсуі 2,1–3,1% деңгейінде болады. 2017 жылы ЖІӨ-нің 2,5%-ға өсуі күтілуде. Министрлік болжамында көрсетілгендей, жақын жылдары ел экономикасының дамуы өсудің бірқалыпты қарқынымен сипатталатын болады.

2016 жылы АҚШ долларына қатынасы бойынша теңге бағамының едәуір нығаюы белгіленді – бағам бір жыл ішінде 2%-ға төмендеп, бір АҚШ доллары үшін 333,29 теңгеге жетті. Ресей рубліне қатысты теңге 17%-ға төмендеп, жыл қорытындысы бойынша бағам бір рубль үшін 5,43 теңге деңгейінде қалыптасты.


Инфляция деңгейі 2015 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеп, 2016 жылы 8,5%-ды құрады. ҚР Ұлттық банкі атап өткендей, инфляцияның баяулауы жоғары базаның әсері мен теңгенің айырбастау бағамының тұрақтануы есебінен болды.

Азық-түлік тауарларына баға индексі 9,7%-ды, азық-түлік емес тауарларға – 9,5%-ды құрады. Инфляция деңгейінің кейбір дәрежесі халық үшін ақылы қызметтер бағасының барынша баяу өсуін төмендетті – 6,1%.

Номиналды еңбекақы индексі 2016 жылы 113,6%-ды құрады, сол кезде шынайы еңбекақы индексі 99,1% болды. Осылайша, шынайы еңбекақы индексінің төмендеуі екінші жыл қатарынан байқалып отыр.

САЛАЛЫҚ ШОЛУ

ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚУАТТЫЛЫҚ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



**Менеджмент есебі**

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)

[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

## Электр энергиясы нарығының жүйесі

### Өндіріс

Қазақстанда әр түрлі меншік нысанындағы 118 электр станциясы электр энергиясын өндіреді. КЕГОС-тың мәліметі бойынша, 01.01.2017 ж. жағдай бойынша олардың жалпы белгіленген қуаты 22 055,5 МВт құрайды, қолда бар қуат – 18 789,1 МВт.

Электр станциялары ұлттық маңыздағы, өнеркәсіптік маңыздағы және өңірлік электр станциялар деп бөлінеді. Ұлттық маңыздағы станциялар, оның ішінде Екібастұз ГРЭС-1 мен Екібастұз ГРЭС-2 электр энергиясын өндіру мен көтерме нарықта тұтынушыларға сатуды қамтамасыз ететін ірі жылу станцияларын білдіреді. Мұндай санатқа үлкен қуатты гидравликалық электр станциялары жатады.

### Электр энергиясын тарату

Қазақстан Республикасының бірыңғай энергетикалық жүйесінде ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) жүйе құраушы рөл атқарады, ол республиканың өңірлері мен шектес мемлекеттер (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы) энергожүйесінің арасында электр байланысты, сондай-ақ электр станцияларына электр энергиясын беруді және оның көтерме тұтынушыларға таратуды қамтамасыз етеді. Жүйелік оператор және Ұлттық электр желісі мен қосалқы станцияның иесі «КЕГОС» АҚ болып табылады, оның ҰЭЖ желілері бойынша (> 200 кВ) электр энергиясын таратуға ерекше құқығы бар.

### Электрмен жабдықтау

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар (ЭЖҰ) энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықтан электр энергиясын сатып алуды және оны түпкілікті бөлшек

## Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығы

Электр энергиясы нарығы көтерме және бөлшек нарықтар болып бөлінеді, жылу энергиясының нарығы тек бөлшек нарықта ғана болады. Жүйелік оператор, ӨЭК және электр желілеріне ие өзге ұйымдар табиғи монополиялар саласын-

Өнеркәсіптік маңыздағы электр станцияларына ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жақын жатқан елді мекендерді электрмен және жылумен жабдықтаумен айналысатын электр және жылу энергиясының құрама өндірісі бар ЖЭО жатады. Атап айтқанда, бұл «Қарағанда Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-3 және ЖЭО ПВС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2.

Өңірлік маңыздағы электр станциялары – бұл аумақтармен біріктірілген ЖЭО, олар электр энергиясын өңірлік электр желілік компаниялар мен энергия таратушы ұйымдар желісі арқылы өткізуді, сондай-ақ жақын жердегі қалалары жылумен жабдықтауды жүзеге асырады.

Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлік электр желілік компаниялар (ӨЭК) балансы мен пайдалануында болады. Олар өңірдің ішіндегі байланысты, сондай-ақ бөлшек тұтынушыларға электр энергиясын таратуды қамтамасыз етеді.

Энергия таратушы ұйымдар электр энергиясын таратуды шарттар негізінде көтерме және бөлшек нарықтың тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға жеке немесе пайдаланылатын электр желілері арқылы жүзеге асырады.

тұтынушыларға сатуды жүзеге асырады. Кейбір ЭЖҰ электр энергиясына «непілдік беретін жеткізушілер» функциясын орындайды.


да және реттелетін нарықта басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен электр энергиясының нарығына барлық қатысушыларға еркін мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

## 2016 жылдағы сала

Қазір елдің электр энергетикасы жүйесінде электр энергиясы мен қуат тапшылығы жоқ қуаттың қажетті қоры бар, оның көлемі алдағы 5–7 жылға экономика қажеттілігін тұрақты өтеу үшін жеткілікті. 2009–2015 жылдар кезеңіндегі «Инвестицияға айырбастау тарифі» бағдарламасын іске асыру есебінен жасалған аталған резервтік болуы аясында 2013–2015 жж. елдегі электр энергиясын тұтыну көлемі өсуінің баяулауы тұтынушылар тарапынан тиісті сұраныспен электр энергиясын өндірудің техникалық мүмкіндігінің ар-

туынан болды. Демек, осы жылдары электр энергиясына көтерме баға елдің Солтүстік аймағының энергожүйесінде артық, олардың шекті деңгейі төмен болды. «ҚКҰ» ЖШС-ға бұл төмендеу келген жоқ, өйткені Компанияның көптеген жылдар бойы бәсекеге қабілетті тарифтері мен тұрақты клиенттік базасы бар. 2016 жылы сұраныс пен ұсыныс теңгерімі республика экономикасының қалпына келуі және тұтынудың тиісті өсуі себебінен шамалы қалпына келді.

### Электр энергиясын тұтыну-өндіріс динамикасы, млрд кВт-с




Дереккөз: КЕГОС

## Генерациялау

2016 жылы Қазақстандағы электр энергиясының өндірісі 94,1 млрд кВт-с құрады және КЕГОС-тың мәліметі бойынша, 3,6%-ға (3,3 млрд кВт-с) өсті. Өсу бірінші кезекте Екібастұз станциясындағы ГРЭС-2 өнімділігінің ұлғаюымен (1,8 млрд кВт-с-ға немесе 55%-ға) байланысты. Сонымен қатар өнімдіктің ұлғаюын көрсететін ірі электр станцияларының арасында – «СевКазЭнерго Петропавловск» (14,2%-ға өсу), «3-Энергорталық» (65,4%) және «Kazakhmys Energy» ЖШС Жезқазған ЖЭО (27%). Сол кезде бірқатар ірі электр станциялары өнімділіктің төмендегенін көрсетті. Көрсеткіштің барынша төмендеуі Екібастұз ГРЭС-1 (1 691,3 млн кВт-с немесе 15,8%-ға) байқалды. «ЕЭК» АҚ өнімділікті 5,4%-ға, «Kazakhmys Energy» ЖШС ГРЭС 14,2%-ға, Жамбыл ГРЭС сондай-ақ 14,2%-ға төмендетті.

Қазақстандағы электр энергиясы өндірісінің негізгі үлесі ЖЭО-ға тиесілі. Алайда өнім 2016 жылы тек 0,8% немесе 611 млн кВт-с-ға ғана өсті. Нәтижесінде генерацияның жалпы құрылымындағы ЖЭО үлесі 81,6%-дан бастап 79,4%-ға дейін қысқарды. Бұл кезде Қазақстан ЖЭО-да электр энергиясын өндіру 2015 жылмен салыстырғанда, 2 355,6 млн кВт-с-ға немесе 25,5%-ға ұлғайды. Электрмен жабдықтаудың гибриді жүйесінің (жел-күн) үлесі біршама өсті, алайда 2016

### Энергия көзінің типі бойынша Қазақстанда электр энергиясын өндірудің құрылымы, %



Дереккөз: КЕГОС

Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)

[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

жылы электр энергиясын өндірудің жалпы құрылымында ол әлі де мардымсыз – 0,4%.

Алғашқы бірнеше жылда 2016 жылы жылу энергиясы өндірісінің өсуі байқалды. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша, жылу энергиясын генерациялау көлемі өткен жылы 80,7 млн Гкал-ды құрады. Жылу энергиясы өндірісінің динамикасы көбінесе ауа райы жағдайымен анықталады.

Тұтыну

Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 2016 жылы 1,5 млрд кВт-с-ға немесе 1,6%-ға ұлғайып, 92,3 млрд кВт-с құрады. Тұтынудың өсуі Солтүстік аймақта – 1,4 млрд кВт-с (2,3%) және Батыс аймақта 475,7 млн кВт-с (4,3%) шамасында белгіленді. Сол мезгілде Оңтүстік аймақта 393,2 млн кВт-с (2%) төмендеу болды.

Тұтынудың өсуі 2016 жылы атап айтқанда Павлодар (3,7%), Атырау (10,3%) және Ақтөбе облысында (9,9%) байқалды. Ал төмендеу Қостанай (1,9%) және Жамбыл облысында (15,9%) белгіленді.


Электр энергиясын тұтыну динамикасы өнеркәсіп, әсіресе металлургиялық және мұнай кәсіпорындарының жағдайына тығыз байланысты.

Электр энергиясын ірі тұтынушылар арасында тұтынудың өсуін «Қазхром ТҰК» АҚ, «Актобинский ЗФ» (17,1%), «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ (5,5%), «АрселорМиттал Теміртау» АҚ (4,5%) және «Қазақстан алюминийі» АҚ (4,9%)

Энергия ауысымдары


2016 ж. Ресейге электр энергиясының ауысу сальдосы 1,6 млрд кВт-с (2015 ж. – Ресейден 471,4 млн кВт-с) құрады. Ресейге электр энергиясының экспорты 1,7 млрд кВт-с өсіп, 2,8 млрд кВт-с құрады. KEGOC-тың мәліметі бойынша, ұлғаю көбінесе электр энергиясын «Екібастұз ГРЭС-2» ЖШС-нан «ИРАО» ЖАҚ желісіне жеткізуге байланысты болды. Ре-

Жылу энергиясының өндірісі, млн Гкал



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Электр энергиясын тұтыну құрылымы, 2016 жыл, %



Дереккөз: KEGOC

көрсетті. Тұтынудың айтарлықтай төмендеуі атап айтқанда, «Қазфосфат» ЖШС-нде (35,5%), «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нде (19,7%) және «Соколовско-Сарбайское ГПО» АҚ-нда (7,6%) байқалды.

сейден электр энергиясының импорты – 1 132,9 млн кВт-с (24,8%-ға төмендеді).

Орталық Азияға (Қырғызстан) сальдо-ауысу 124,7 млн кВт-с құрады.

Салалар перспективасы

2017 және кезекті жылдары Уәкілетті органның (ҚР Энергетика министрлігі) ресми болжамына сәйкес энергия жүйесінде электр энергиясын тұтынудың тұрақты өсуі күтілуде. Аталған болжам елдің экономикасын өсуінен барынша шынайы болып табылады.

Компания 2018 жылға дейін электр энергиясын шекті босату бағасының 7,5 теңге/кВт-с деңгейінде тоқтап қалуына қарамастан, өзінің қызметінде сыртқы факторлардың жеткілікті позитивті әсерін күтеді. 2019 жылы электр қуатының нарығын енгізу жоспарланып отыр. «ҚКЖ» ЖШС қуат нарығына үлкен сенім артады, яғни электр энергетикасы саласындағы заңнамаға сәйкес Компания осы нарықта Бірыңғай сатып алушымен жеңілдетілген тәртіппен офтейк-келісім-шарт жасауға құқылы, бұл 2009–2015 жылдардағы инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздарды

қайтару кепілдігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндік «ҚКЖ» ЖШС жылу-электр орталықтарының технологиялық минимумы көлеміндегі қуатты шекті тариф бойынша іске асыру, сондай-ақ электр энергиясын әдеттегі нарықта, сонымен қатар ең жоғары өзіндік құн мен арнайы белгіленген кіріс базасында қалыптастырылған баға бойынша теңгеруші нарықта іске асыру мүмкіндігімен бірге Компанияға өзінің кірісін сақтауға ғана емес, сондай-ақ оны ұлғайту мүмкіндігін де береді.

Нарықтағы көзделген перспектива Компания бизнесін инвестициялық тұрғыдан барынша тартымды етеді. Және бұл заңдылық та. Нақ осы мақсат үшін электр энергетикасының саласын да қамтыған «100 нақты қадам» Ұлттық жоспар шеңберінде 2015 жылы реформалар жүргізілді.

БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУ ШАРТЫ

Бизнесті жүргізудің маңызды сыртқы шарты Топ үшін өткізілетін өнімдер тарифінің деңгейі болып табылады.

Электр энергиясын тарату, бөлу және өткізу тарифтерін Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік пен тұтынушылар құқығын қорғау комитеті (ТМРБҚК) реттейді.


Қолданыстағы заңнама бойынша электр желілері компанияларының тарифтері операциялық шығындарды (реттелетін қызметтерді ұсыну үшін қажетті), сондай-ақ күрделі шығындарды (инвестициялық бағдарламалар) өтеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Халыққа арналған тарифтер Қазақстанда тұрақты өсуді көрсетеді, орташа алғанда соңғы алты жылда жыл сайын 6%-ға ұлғаюда. Осы өсу электр энергиясын өңірлік және өңіраралық желілерге тарату мен бөлу бойынша қызметтер тарифінің ұлғаюымен түсіндіріледі.

2016 жылдан бастап электр желілік және жылумен жабдықтаушы компаниялар ұзақ мерзімді шекті тарифтер бойынша тариф жасауға көшті. Мұндай әдіс нарыққа барлық қатысушыларға үлкен айқындылық береді: энергетиктер инвестициялық бағдарламаны, ал тұтынушылар – өздерінің шығындарын жоспарлай алады.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2016 ж. электр энергиясын түпкілікті босату бағасы 8,3%-ға, жылу

Қазақстандағы электр энергиясы мен жылу энергиясына тарифтер динамикасы, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

энергиясына – 8%-ға өсті. Электр энергиясына өткен жылдағы баға соңғы он жылдағы ең аз өсудің бірі екендігін көрсетті. 2017 ж. Қазақстан өңірінің бірқатарында электр энергиясына тариф 6,7%-ға өсті.





Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)


[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

### Еншілес ұйымдар тарифтері


«Қарағанда Энергоцентр» ЖШС (КЭЦ) электр және жылу энергиясына тарифтері 2016 ж. 2015 ж. салыстырғанда, өзгерген жоқ. Электр және жылу энергиясына тарифтер компания үшін 2018 жылға дейін белгіленді.

#### КЭЦ жылу және электр энергиясына арналған тарифтер




«Қарағанды Жарық» ЖШС (ҚЖ) электр энергиясын тарату тарифі 2016 ж. өзгерген жоқ. Осы тариф компания үшін 2020 жылға дейін белгіленді, жеті жылдың қорытындысы бойынша өсу 19%-ды құрады.

#### ҚЖ-ның электр энергиясын тарату тарифі, кВт-с үшін теңге




«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС (ОЖТ) электр энергиясын тарату тарифі 2016 ж. 15%-ға өсті. Аталған тариф компания үшін 2020 жылға дейін белгіленді, жеті жылдың қорытындысы бойынша өсу 44%-ды құрады.

#### ОЖТ-ның электр энергиясын тарату тарифі, кВт-с үшін теңге




«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС-ның (ҚЖС) босатылатын электр энергиясына тарифі 2016 ж. орта есеппен алғанда, 5,4%-ға, 2017 ж. – 0,14%-ға өсті. Босатылатын жылу энергиясына тариф 2016 ж. 6,0%-ға артты.

#### ҚЖС-тың электр энергиясы мен жылу энергиясына тарифтері




«Расчетный сервисный центр» ЖШС (РСЦ) босататын электр энергиясына тарифі 2016 ж. орта есеппен 7,7%-ға, 2017 ж. – 1,5%-ға өсті.

#### РСЦ-ның электр энергиясына тарифі, кВт-с үшін теңге



«Оңтүстік Жарық» ЖШС (ОЖ) босататын электр энергиясына тарифі 2016 ж. 6,1%-ға өсті. Осы тариф 2017 ж. 2016 ж. деңгейінде қалды.

#### ОЖ-ның электр энергиясына тарифі, кВт-с үшін теңге



Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)


[Инвестициялық жобалар](#)

[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

«Энергопоток» ЖШС (ЭП) босатылатын электр энергиясына тарифі 2016 ж. 7,9%-ға өсті. Осы тариф 2017 ж. 2016 ж. деңгейінде қалды.

**ЭП-ның электр энергиясына тарифі, кВт-с үшін теңге**



«... Біз үшін ең бастысы – біздің екі Қарағанды ЖЭО-ның барлық қондырғыларының тиімді жұмыс жасауы мен агрегаттар ресурсын ұзарту. Кестені қатаң сақтау, ресурс өнімін қатаң бақылау, қажетті тораптарды уақытында ауыстыру – барлығы автоматтандыруға дейін жұмыс істелген екі ЖЭО қондырғыларын пайдалануға қатысты. Қарағанды ЖЭО-3 жаңа энергоблогы ең жоғары әлемдік талаптарға сай келетін заманауи, жоғары технологиялық қондырғылармен жарақталған. Бұл ұзақ мерзімді жоба болды – станция қазандықтарын кеңейтуді ескере отырып, отынмен қамтамасыз ету мақсатында өнімділікті 550 т/с дейін ұлғайту арқылы жылу беру жолы қайта жаңғыртылды. Химиялық цех қайта жабдықталды. Нәтижесінде кеңейту мен жаңғыртудың арқасында станцияның электр қуаты 110 МВт-ға ұлғайды, қазандықтың бу қуаты 670 т/с-ға ұлғайды, бұл жылыту кезеңінде жылу және электр жүктемесін барынша өтеу үшін будың қосымша резервін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді».

**«Қарағанды Энергоцентр» ЖШС өндірістік қызмет бастығы Дамир Түткүшев**

«Мен энергетик болып, өзімнің бүкіл өмірімді осы мамандыққа арнағанымды мақтан тұтамын. Осы салада 30 жыл жұмыс істеймін, оның 17 жылында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Келес АЭЖ-нде диспетчер болып істеймін. Біздің компанияның одан ары дамитынына сенемін, өйткені Оңтүстік Қазақстан облысының энергетикасында қазір қандай өзгерістер болып жатқанын өз көзіммен көріп жүрмін. Бізде электр энергетикалық қондырғылар құрылысы, реконструкция мен жаңғырту бойынша жұмыстың егжей-тегжейлі жоспары жасалған, біз оны қатаң бекітілген кесте бойынша іске асырамыз».

**«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Келес АЭЖ аға диспетчері Төлеген Сахов**

«... Мен – Қарағанды тұрғынымын, осы қалада өмір бойы тұрып келемін, біздің ЖЭО-лардың өлі салынбағаны да есімде. Бізде Қарағандыда қыс қатал әрі ұзақ болады, алайда суық климатқа қарамастан, үйлер жылы, батареялар тіпті -30 градус кезінде де ыстық болып тұрады. Жарық пен жылу үнемі беріледі, менің кішкентай немерелерім бар, сондықтан біз үшін бұл өте маңызды. ЖЭО қызметкерлеріне олардың қиын жұмыстарына табыс, барлық армандары орындалсын деп тілеймін!»

**Қарағанды қаласының тұрғыны, зейнеткер Любовь Остапенко**

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НӘТИЖЕЛЕРІ

## Қуаттар

Топтың 2016 ж. өндірістік қуаты электр және жылу өндіруші көздер жиынтығын, сондай-ақ энергия таратушы желілерді, жылу орталықтары мен қосалқы станцияларды қамтиды.

### Генерациялау:

- Көздердің белгіленген электр қуаты – 702 МВт, қолда бары – 560 МВт;


## Өндіріс

### Генерациялау:

Өткен жылды Топ негізгі өндірістік көрсеткіштерінің өсуімен аяқтады. Электр энергиясының өндірісі 2016 жылы 4 386 млн кВт-с құрады және өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 22%-ға артты. Электр энергиясын өткізу 3 830 млн кВт-с-ға жетіп, 23%-ға өсті.

Электр энергиясы өндірісінің көлемі қуаты 110 МВт жаңа энергоблоқты пайдалануға енгізу есебінен өсті. Өткізу

## Электр энергиясын өндіру және өткізу, млн кВт-с




### Тарату және бөлу:

- Көздердің белгіленген жылу қуаты – 1 889 Гкал/с, қолда бары – 1 291 Гкал/с.
- 0,4-220 кВ әуе желілерінің ұзындығы – 27 531 км;
- 0,4-110 кВ кабельдік желілер ұзындығы – 2 363 км;
- Қосалқы станциялар саны – 352 бірлік.

көлемі өнімнің өсуі себебінен, сондай-ақ жеке қажеттілікке арналған электр энергиясының шығынын төмендету есебінен ұлғайды.

Жылу энергиясының өндірісі 2016 жылы 3 053 мың Гкал-ды құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 2,4%-ға төмен, өткізу де барабар төмендеп, 3 048 мың Гкал-ды құрады. Жылу энергиясын өндіру мен өткізу ыстық су циркуляциясының төмендеуі есебінен, сондай-ақ халықтың ыстық суды тұтынуының төмендеуі есебінен азайды.

## Жылу энергиясын өндіру мен өткізу, мың Гкал



Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)

[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)

[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)

Электр энергиясын босатуға шартты отынның үлестік шығыны 2015 ж. деңгеймен салыстырғанда, 11,1 г/кВт-с-ға төмендеді. Жылу энергиясын өндіруге шартты отынның үлестік шығыны 2015 ж. қарағанда, 0,5 кг/Гкал-ға төмендеді. Со-

нымен қатар 2016 ж. 1-дәрежедегі бірде-бір тоқтап қалу мен апат болған жоқ, ал 2-дәрежедегі тоқтап қалу 2015 ж. 9%-ға төмендеді.

## 2016 ж. ірі клиенттер

№	Тұтынушылардың атауы	Электр энергиясын өткізу көлемі		Электр энергиясын өткізудің жалпы көлеміндегі үлес, %
		2016 ж.		
		мың кВт-с	мың теңге	
Генерациялау				
1.	«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС	1 007 482	7 556 118	26,30
2.	«Қарағанды Энергосбыт» ЖШС	381 620	2 862 153	9,96
3.	«Қарағанды Жарық» ЖШС	327 046	2 452 842	8,54
4.	«Оңтүстік Жарық» ЖШС	662 749	4 970 615	17,30
5.	«Расчетный Сервисный центр» ЖШС	196 110	1 470 823	5,12
6.	«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС	93 536	701 523	2,44
7.	«Энергопоток» ЖШС	533 547	4 001 605	13,93
8.	«Гарант Энерго» ЖШС	19 197	143 977	0,50
9.	«Анкил» ЖШС	7 241	54 306	0,19
10.	«Югэнергоимпульс» ЖШС	28 167	211 252	0,74
11.	«Қарағанды Су» ЖШС	76 427	573 203	2,00
12.	«Теплотранзит Қарағанда» ЖШС	65 143	488 575	1,70
13.	«Казсбытгрупп» ЖШС	30 111	225 835	0,79
14.	«Энергоуголь 21» ЖШС	55 444	415 832	1,45
15.	«Энергоснаб 21» ЖШС	42 684	320 132	1,11
16.	«Компания Эрго» ЖШС	36 512	273 837	0,95
17.	«Энергосистема КТ» ЖШС	34 640	259 799	0,90
18.	«Горномхоз» КМК	11 368	85 261	0,30
19.	«Энергометросервис» ЖШС	9	70	0,00
20.	Орталықтандырылған сауда-саттық	17 930	135 679	0,47
21.	Басқалар	203 198	1 523 982	5,31

### Тарату мен бөлу

2016 жылы жөндеу және инвестициялық бағдарламаны уақытында және сапалы орындаудың арқасында «Қарағанды Жарық» ЖШС-нде 2015 жылмен салыстырғанда технологиялық бұзушылық санының 154 жағдайға төмендеуі орын алды, трансформаторлық қуаттың өсуі 14 400 кВА-ны құрады, нормативтік-техникалық шығын 0,9%-ға төмендеді. Сондай-ақ негізгі құралдардың тозу пайызын 1,2%-ға төмендетудің сәті болды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нде 2015 жылмен салыстырғанда, технологиялық бұзушылық санының 21 жағдайға төмендеуі орын алды, трансформаторлық қуаттың өсуі 2015 жылмен салыстырғанда, 42 500 кВА-ны құрады. Нормативтік-техникалық шығын 0,74%-ға төмендеді. Негізгі құралдардың тозу пайызы 2,5%-ға төмендеді.

Өткен жылы «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС жаңа қызметті – жалпы үйлік инженерлік желілерге кәсіби қызмет көрсетуді енгізді. Өйткені біздің үйге ПИК қызмет көрсеткен жоқ, біз ҚКЖ-ға өтініш жасадық. Міне, олардың біздің үйге қызмет көрсеткеніне 4 ай болды, осы уақыт ішінде алаңдардағы барлық қалқандар жөнделді, жөртөлелер де құрғақ. Ең алдымен, қажет кезде біз ҚКЖ-ға қоңыра шала аламыз және олар бізге бірден мамандарды бөледі».

**Қарағанды қ. «Степной-4» ықшам ауданы №30 үйдің тұрғыны Елена Пахомова**

### 2016 жылы электр энергиясын тарату көлемі

Атауы	2016 ж.	
	мың кВт-с	мың теңге
«Қарағанды Жарық» ЖШС	2 944 899	15 755 211
«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС	2 351 469	14 132 329

## 2016 ж. ірі тұтынушылар

### «Қарағанды Жарық» ЖШС

Есепті жылы электр энергиясын таратуға және (немесе) бөлуге 37 тұтынушылармен шарт жасалды. Тұтынушылар екі санатқа бөлінеді: энергия үнемдеуші, олардың үлесі – 62,6% және түпкілікті тұтынушылар болып табылатын шаруашылық субъектілері, олардың үлесі 37,4% құрайды.

### «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС

Есепті жылы электр энергиясын таратуға және (немесе) бөлуге 12 тұтынушылармен шарт жасалды.

Энергия үнемдеуші санатынан клиенттер үлесі шаруашылық субъектіндегідей 50%-ды құрады.

Ірі клиенттер:

- «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС – 1 007 млн кВт-с
- «АрселлорМиттал Теміртау» АҚ – 623 млн кВт-с
- «Теміржол Энерго» ЖШС – 199 млн кВт-с
- «РСЦ» ЖШС – 196 млн кВт-с
- «Теплотранзит» ЖШС – 65 млн кВт-с

Ірі клиенттер:


- «Оңтүстік Жарық» ЖШС – 1 201 млн кВт-с
- «Энергопоток» ЖШС – 778 млн кВт-с
- «3-Энергоорталық» АҚ – 19,5 млн кВт-с
- «Қуатжылуорталық-3» ММК – 12,6 млн кВт-с
- «Югэнергоимпульс» ЖШС – 111 млн кВт-с
- «ГарантЭнерго» ЖШС – 100 млн кВт-с

# ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

### Кірістер туралы есептің негізгі мәліметтері, млн теңге

	2016 ж.	2015 ж.
<b>Түсім</b>	<b>82 476,9</b>	<b>80 601,8</b>
Өзіндік құн	-51 452,4	-55 970,1
<b>Жалпы пайда</b>	<b>31 024,4</b>	<b>24 631,7</b>
Әкімшілік шығындар	-5 870,1	-5 276,2
Өткізу бойынша шығындар	-1 965,0	-1 574,8
Қаржылық шығындар	-2 102,5	-2 397,8
Бағамдық айырмашылықтан болатын шығын	-103,7	-2 646,2
Басқа кірістер	501,3	544,3
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>21 484,5</b>	<b>13 281,0</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	-4 402,3	-3 202,4
<b>Таза пайда</b>	<b>17 082,3</b>	<b>10 078,6</b>

### Кіріс, өзіндік құн мен жалпы пайда динамикасы, млрд теңге



Менеджмент есебі

[Макроэкономикалық шолу](#)

[Салалық шолу](#)

[Бизнесті жүргізу шарты](#)

[Операциялық қызметтер нәтижелері](#)


[Қаржылық нәтижелер](#)

[Инвестициялық жобалар](#)


[Маркетингтік қызмет](#)

[2017 жылға арналған жоспарлар](#)


Кірістер құрылымы, 2016 ж.




Кірістер құрылымы, 2015 ж.




Өзіндік құнның құрылымы, 2016 ж.



Өзіндік құнның құрылымы, 2015 ж.



Активтер мен пассивтер динамикасы, млрд теңге



Компания түсімі 2016 жылы 82,5 млрд теңгеге немесе 1,88 млрд теңгеге дейін 2% өсті. Кірістегі негізгі үлес (73%) электр энергиясын сатуға тиесілі және осы көрсеткіш өткен жылы өзгерген жоқ және 60,6 млрд теңгені құрады. Сол мезгілде электр энергиясын таратудан түскен түсімнің 11,5 млрд теңгеге дейін 22%-ға айтарлықтай өскені байқалды. Бұл бағыт кірістің жалпы құрылымында 14%-ды құрады. Жылу энергиясын өткізуден түскен кіріс 2016 жылдың қорытындысы бойынша 5%-ға өсіп, 9,5 млрд теңгені құрады.

Өзіндік құн 2016 жылы 8%-ға біршама төмендеді және 51,5 млрд теңгені құрады. Материалдарға шығындар өзіндік құнның 37%-ын құрайды. 2016 жылы көрсеткіш 19 млрд

теңгеге дейін 29%-ға төмендеді, бұл өзіндік құнның жалпы көлемінің төмендеуін қамтамасыз етті. Сонымен қатар электр және жылу энергиясын тарату шығындары аздап ұлғайды (8%-ға) және нәтижесінде 11 млрд теңге деңгейінде қалыптасты. Өзіндік құн құрылымындағы қондырғылардың тозуы 2016 жылы 14% алып, 18%-ға ұлғайды (жылдың аяғында 7 млрд теңгені құрады). Өндірістік қызметкерлер жалақысының шығыны да ұлғайып (9%-ға), жылдың аяғында 5,6 млрд теңгені құрады.

Түсімнің өсуі және өзіндік құнның төмендеуі нәтижесінде жалпы пайданың көлемі 2016 жылы 26%-ға ұлғайып, 31 млрд теңгені құрады.

Басқа кірістер мен шығыстар арасында әкімшілік шығындар 11%-ға немесе 594 млн теңгеге едәуір ұлғайды. Олар жылдың аяғында 5,9 млрд теңгені құрады. Ұлғаю әсіресе салық төлемінің 158 млн теңгеге өсуімен, сондай-ақ көрсетілген қайырымдылық көмек көлемінің – 288 млн теңгеге өсуімен байланысты.

Өткізу бойынша шығындар 1,97 млрд теңгеге дейін 25%-ға өсті, бұл еңбекақы шығындарының өсуімен байланысты.

Қаржылық шығындар 12%-ға төмендеп, жыл қорытындысы бойынша 2,1 млрд теңгені құрады. 2016 жылы қаржылық шығындар капиталдандырылған шығынды қоспағанда, іс жүзінде толықтай банктік қарыз бойынша сыйақы жөніндегі шығындармен берілген. 2015 жылы қаржылық шығындарға сондай-ақ басқа борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы

кірді. Осы шығындардың жоқтығы 2016 жылы қаржылық шығындар деңгейінің жалпы төмендеуін түсіндірді.

2015 жылы Компания бағамдық айырмашылықтан айтарлықтай – ұлттық валютаның бірден әлсіреуі аясында 2,6 млрд теңгедей шығын көрді. 2016 жылы елеулі валюта-

лық ауытқушылықтың жоқтығы шартында бағамдық айырмашылықтан болған шығын тек 103,7 млн теңгені құрады.

Жалпы пайданың өсуі нәтижесінде, сондай-ақ бағамдық айырмашылықтан болған шығынның бірден төмендеуін ескере отырып, Компанияның таза пайдасы 2016 жылы 2015 жылғы деңгейден 69%-ға өсіп, 17,1 млрд теңгені құрады.

Баланстың негізгі мәліметтері, млн теңге

	2016 ж.	2015 ж.
<b>Активтер</b>	<b>155 396,2</b>	<b>137 947,5</b>
Ұзақ мерзімді активтер	133 467,6	125 125,5
Негізгі құралдар	131 353,2	121 905,7
Берілген ұзақ мерзімді аванстар	1 187,0	2 517,8
Басқалар	927,4	702,0
Ағымдық активтер	21 928,6	12 822,0
Тауар-материалдық қорлар	2 437,9	2 679,0
Сауда дебиторлық берешек	7 690,4	6 990,1
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2 358,9	1 111,2
Басқалар	9 441,4	2 041,7
<b>Міндеттемелер</b>	<b>66 646,0</b>	<b>66 279,6</b>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	43 604,5	41 894,5
Банкілік қарыздар	25 107,9	26 772,0
Шегерілген салық міндеттемелері	18 384,5	14 998,7
Басқалар	112,0	123,8
Ағымдық міндеттемелер	23 041,6	24 385,1
Сауда кредиторлық берешек	4 817,4	9 155,2
Банктік қарыздар	11 949,6	10 789,9
Басқалар	6 274,6	4 440,0
<b>Капитал</b>	<b>88 750,2</b>	<b>71 667,9</b>
Жарғылық капитал	11 636,4	11 636,4
Қосымша төленген капитал	9 239,1	9 239,1
Бөлінбеген пайда	67 874,6	50 792,4

Компания активтері 2016 жылы 13%-ға немесе 17,4 млрд теңгеге өсіп, 155,4 млрд теңгені құрады. Бұл едәуір дәрежеде негізгі құралдардың – 8%-ға немесе 9,4 млрд теңгеге өсуімен байланысты. 2016 жылы «Жарық» және «Нұрсат» қосалқы станциялардың құрылысы аяқталды, сондай-ақ ЖЭО-3 реконструкциясы мен жаңғырту аяқталды. Пайдалануға енгізу күні салынған объектілердің баланстық құны 55,3 млрд теңгені құрады. Негізгі құралдар 85% активтерді алады.

Ағымдық активтерге баланстың жалпы сомасының 14%-ы тиесілі. 2016 жылы ағымдық активтер 71%-ға немесе 9,1 млрд теңгеге өсіп, 21,9 млрд теңгені құрады. Өсу бірінші кезекте байланысты тараптардың пайызсыз қаржылық көмегімен байланысты, ол 2016 жылы 8,1 млрд теңгені құрады (2015 жылы 682 млн теңге).

Компания міндеттемесі 2016 жылы іс жүзінде өзгерген жоқ (1%-ға өсу) және 66,6 млрд теңгені құрады. Жылдың аяғында банктік қарыздар 37,06 млрд теңгені немесе 56% міндеттемені құрады. Жыл ішінде олардың сомасы 504 млн теңгеге төмендеді. Бұл ретте ұзақ мерзімді қарыздар 25,1 млрд теңгені, қысқа мерзімді қарыздар – 11,9 млрд теңгені құрады. Ірі қарызды (2016 жылдың аяғында 22,2 млрд теңге) «Қазақстан Даму Банкі» АҚ берді. Маңызды кредитор «Сбербанк России» АҚ ЕБ болып табылады, оның алдындағы міндеттеме 2016 жылы 13,7 млрд теңгені құрады. Топ қарыз бойынша барлық шартты сақтайды және негізгі қарыз бен пайыздық сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кешіктіруге жол бермейді.

Компания капиталы 2016 жылы 24%-ға немесе 17,1 млрд теңгеге өсті және 88,8 млрд теңгені құрады. Өсу бөлінбеген пайданы 17,1 млрд теңгеге ұлғайтумен қамтылды (34%-ға).



## Менеджмент есебі

### Макроэкономикалық шолу

### Салалық шолу

### Бизнесті жүргізу шарты

### Операциялық қызметтер нәтижелері

### Қаржылық нәтижелер

### Инвестициялық жобалар

### Маркетингтік қызмет

### 2017 жылға арналған жоспарлар

PR саласындағы мақсатқа бағытталған жұмыстың нәтижелері мыналар болып табылады:

- тұтынушылардың ҚКЖ компаниясына және қатысу өңіріндегі оның еншілес ұйымдарына көзқарасының қолайлы деңгейі;
- ҚКЖ брендінің танымалдығын қарқынды көтеру;
- тұтынушылардың және өзге аудиторияның ҚКЖ компаниялары Тобының оқиғалары туралы уақытында білу мүмкіндігі;
- жұмыс беруші ретінде Компанияның тартымдылығын және білікті кадрларды тарту мүмкіндігін арттыру;
- корпоративтік ауызбірлікті нығайту, компания Тобының қызметкерлерінде жауапкершілік сезімін және ҚКЖ-ның іргелі құндылықтарына шынайы берілуді қалыптастыру мен сақтау.

ҚКЖ ақпараттық алаңда жарыққа шығаруды талап ететін ауқымды жұмыс жүргізеді. 2016 жылы жұртшылықтың қызығушылығын тудыратын және тұтынушылар сенімін арттыратын маңызды оқиғалар мен фактілер арасында мыналар болды:

- Қарағанды ЖЭО-3-ті іргелі жағырту, оның нәтижесінде станцияның энергетикалық қуаты 25%-ға ұлғайды;
- ҚКЖ-ға «Жыл таңдауы» конкурсының нәтижесінде «2016 жылғы Қазақстанның № 1 энергетикалық компаниясы» мәртебесін беру;
- «ҚКЖ» ЖШС-ның Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігінің «Тұрақты» болжамы бар «BB-» деңгейіндегі несиеге қабілеттілік рейтингін растау;
- Топ кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын қатаң сақтауы;
- ҚКЖ қызметкерлерінің жоғары корпоративтік мәдениеті.

Компания беделі ҚКЖ өз қызметін жүзеге асыру шартында қазіргі қоғамның өзекті құндылықтарына бағытталған. Осы құндылықтарды есепке алу барлық сыртқы және ішкі контрагенттермен: тұтынушылармен, серіктестермен, жеке қызметкерлермен өзара ықпалдастықтың реттелген саясатын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сол кезде динамикалық жағдайға сәйкес ҚКЖ беделдің жаңа жағдайға және энергетикалық нарықтың қажеттілігіне бейімдеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Компанияның оң беделін қалыптастыру, оның тиісті деңгейде ұстау – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-ның маңызды міндеті, ұйымның мәртебесі, нарықтағы қызметтің табыстылығы, тұтынушылар мен серіктестердің адалдығы, Компанияның энергетикалық өнімінің бәсеңге қабілеттігі соған байланысты.

«...«Энергопоток» ЖШС өзінің абоненттерінің барынша жайлылығы мен тұрмыстық ыңғайлылығын қамтамасыз етумен ұдайы жұмыс істеп келеді. Тұтынушылармен ашық қатынастың негізгі көрсеткіштерінің бірі – бұл абоненттермен кері байланыстың болуы. Бізде колл-орталық табыс жұмыс істейді, оның қызметкерлері тұтынушыларды қызықтыратын барлық сұрақтарға барыша ақпаратты жауап беруге үнемі дайын. Әрбір айда біздің колл-орталық қызметкерлері әр түрлі мәселелер бойынша шамамен 500 тұтынушыға консультация береді».

### «Энергопоток» ЖШС Колл-орталығының бастығы Серік Оразов

«Біз жыл сайын тұтынушылар санының тұрақты өсуін тіркейміз, олардың әжептәуір санын әр түрлі кәсіпорындар құрайды. Егер 2012 жылы «Оңтүстік Жарық» ЖШС шамамен 11 мың заңды тұлғаны электрмен қамтамасыз етсе, 2017 жылы бұл сан 16 мыңнан асып кетті. Осылайша, 5 жылда өсу 50% дерлік құрады. Абоненттер-жеке тұлғалар саны да үдемелі өсуде. Біз халыққа біріктірілген қызмет көрсету орталықтарының желісін – байланыс-орталықтарын кеңейтудеміз, мұнда облыстың кез келген тұрғыны жеке шарттар жасау үшін, техникалық сипаттағы мәселелермен, тұтынылған электр энергиясы үшін төлем бойынша есепті тексеру, пәтерлерде орнатылған электр энергиясын есептеу аспаптарын тіркеу үшін өтініш бере алады. Орталықтар электрмен жабдықтаудың барлық мәселесі бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметтер көрсетеді, халықтан телефон желісі бойынша өтініштер қабылдайды, инспекторлардың тұтынушыларға келуін қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аудандық өткізу учаскелерінде 12 байланыс-орталығы жұмыс істейді».

### «Оңтүстік Жарық» ЖШС жеке тұлғалармен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Бахыт Райымхан

# 2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Шығыс Қазақстан облысында өндіретін активтерді сатып алу бойынша мәмілелерді аяқтау.
2. Қазақстан қор биржасында (KASE) Компания облигацияларын табысты орналастыру.
3. Шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингін (ЭДР) қолдау мен жаңарту бойынша шараларды жүзеге асыру.
4. Компанияны дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыру үшін халықаралық стратегиялық серіктестерді тарту бойынша жұмыс.
5. Компания мүддесін заңнамалық деңгейде белсенді жылжыту. Компания үшін қажетті қолданыстағы заңнамаға түзетулер жобасын бейіндік қауымдастықтардың (Атамекен, КЭА, KAZENERGY) және уәкілетті органның қарауына шығару.
6. Қарағанды ЖЭО-1-де № 4 ст. қазандық агрегатына және № 3 ст. турбоагрегатқа күрделі жөндеу жүргізілуде. Қалған қондырғыларға ағымдық жөндеу жүргізіледі.
7. Қарағанды ЖЭО-3-те жоспарланады:
  - қыздырудың үстіңгі бетін 90% ауыстыру арқылы қазандық агрегатын күрделі жөндеу;
  - ағынды бөлікті жаңғыртумен № 1 ст. турбоагрегатын күрделі жөндеу;
  - барлық қазандық пен турбоагрегаттарды ағымдық жөндеу;
  - 3000 ш. метр реттегі полимерлік жабынды қалпына келтірумен және 4 000 суарғышты ауыстырумен екі мұнаралық градирді (№ 2 және № 3) жөндеу;
  - жұмыстың үлкен көлемі Қарағанды ЖЭО-3-тің күл үйіндісімен байланысты. № 2 күл үйіндісінің 3-сенциясын өсірудің 1-кезеңінің орындалғаны белгіленді.
8. «Қарағанды Жарық» ЖШС төмендегідей шараларды жоспарлайды:
  - ӨОС-ті қолданумен 10-0,4 кВ тарату желілерін ауқымды жаңғырту;
  - қосалқы станцияларды кернеуі 110 кВ-ға ауыстырумен жаңа «Тихоновка» ҚС салу;
  - ЖЭС ЖДҚ диспетчерлік пунктінің жаңа жеке тұрған ғимаратын ішкі әрлеу жұмыстары.
9. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС төмендегідей шараларды жоспарлайды:
  - жүктеме орталықтарында трансформаторлық қуаттарды ірілендіру: Сарыағаш ауданындағы 110/35/10 кВ «Полторацкое» ҚС-та қуаты 2 500 кВА 35 кВ Т-3 жүктелген трансформаторды 4 000 кВА-ға ауыстыру жоспарланды;
  - 35-110 кВ ҚС-ты жаңғырту – май ажыратқыштары бар табиғи тозған КРУН-10 кВ-ды вакуумды ажыратқыштары бар жаңа КРУН-дарға ауыстыру, релелік қорғаныс пен автоматика құрылысын жаңғырту. ОД-ны, КЗ-35 кВ-ны және 35-110 кВ май ажыратқыштарды заманауи элегазды ажыратқыштарға ауыстыру;
  - ӨОС-ты қолданумен 0,4-10 кВ тарату желілерін жаңғырту; ЭКЕАЖ жүйелерін одан әрі дамыту;
  - Шымкент қаласының Қызыл Су, Артель, К. Марк елді мекендеріндегі 0,4-10 кВ желілер құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын дайындау.
10. Инженерлік желілерге және жылу энергиясын есептеудің жалпыұй аспаптарына қызмет көрсету бойынша энергия өткізу ұйымдарының қызметін дамыту мен кеңейту.
11. Онлайн-төлем сервисін кеңінен қолдану және ұтқыр қосымшаларды әзірлеу жолымен тұтынушыларды энергиямен жабдықтау сапасы мен ыңғайлылығын арттыру.



[Корпоративтік басқару](#)

[Корпоративтік басқару принциптері](#)

[Менеджмент құрылымы](#)

[Кмпаниядағы корпоративтік басқару жүйесі](#)

[Бақылау кеңесі](#)

[Атқарушы орган](#)

[Сыйақы туралы ақпарат](#)

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ПРИНЦИПТЕРІ

Корпоративтік басқару Топтың бәсекеге қабілеттілігі мен экономикалық тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Топ үшін корпоративтік басқарудың маңызды принциптері мыналар болып табылады:

- басқару шешімдерін қабылдауға, қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікке және корпоративтік қатынастарға қатысушылар қызығушылығына әсер ету арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету;
- оңтайлы және білікті басқару мен тиісті бақылау стандарттарын белгілеу;

- өндірістік құрылымды оңтайландыру және Топ капиталын барынша тиімді пайдалану;
- топтың қаржы-шаруашылық қызметінің ашықтығын және есептілік көрсеткіштерінің дұрыстығын қамтамасыз ету;
- инвесторлар сенімін арттыру, инвестициялық климатты жақсарту және көлемді ұлғайту, инвестиция құрылымы мен сапасын жақсарту.

## МЕНЕДЖМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Топты корпоративтік басқарудың құрылымы мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- қатысушылар құқығын қорғау;
- заңда қарастырылған мүдделі тұлғалар құқығын мойындау;
- корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша ақпаратты уақытында және дәл ашу;
- бақылау кеңесі тарапынан Атқарушы органды, сондай-ақ оның ҚҚЖ қатысушыларының алдындағы бағыныстылығын тиімді бақылау.

Топ құрылымы төрт бөлікке бөлінеді: Қатысушылар жалпы жиналысы, Бақылау кеңесі және оның комитеттері, Атқарушы орган.

**Қатысушылар жалпы жиналысы** – Топ қызметінің маңызды мәселелері: жарғыны, жарғылық капиталды, фирмалық атауды өзгерту, Атқарушы органды құру, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Бақылау кеңесінің қызметін сайлау немесе тоқтату, қаржылық есептілікті бекіту, Топ мүлігінің кепілі және т.б. бойынша шешім шығаратын ҚҚЖ жоғары органы.

Корпоративтік басқару

[Корпоративтік басқару принциптері](#)

[Менеджмент құрылымы](#)


[Кмпаниядағы корпоративтік басқару жүйесі](#)

[Бақылау кеңесі](#)

[Атқарушы орган](#)

[Сыйақы туралы ақпарат](#)

# КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



## БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ

Топтың Бақылау кеңесі Топтың қызметіне жалпы басшылықты, Топтың Атқарушы органының қызметіне бақылауды, қаржы-шаруашылық қызметке бақылауды жүзеге асырады. Бақылау кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегідей мәселелер жатады:

- қызметтің басым бағыттарын анықтау және даму стратегиясын, Топтың дамуының орта мерзімді жоспарын, сондай-ақ Топ стратегиясын, жоспарлары мен бюджеттерін іске асыру мониторингін бекіту;
- жиынтық құны Топқа барлық тиесілі негізгі құралдардың жиынтық баланстық құнының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын Топ мүлігін сатып алу және/немесе иеліктен шығару бойынша бір немесе бірнеше біртекті жасалатын мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- топтың белгілі қаржылық және өндірістік құжаттарын, қаржылық және өндірістік/техникалық нормалар мен нормативтерді бекіту түрінде Топтың өндірістік және қаржылық саясатын анықтау;
- сыртқы аудитордың сапасы мен тәуелдігін бақылауды жүзеге асыру;
- сыртқы аудитор қызметі төлемінің көлемін анықтау;
- топтың ішкі ережелерінде қарастырылған өзге мәселелер.

**Бақылау кеңесінің мақсаты:** Топтың мүддесін іске асыруды және қатысушылар құқығын қорғауды, Топ қызметінің нормалары мен қағидаттарын белгілеуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, компанияның Атқарушы органының қызметін бақылау, сондай-ақ қатысушылар мен басқа тұлғалар алдында Топ міндеттемелерін түсіндіру мен оны сақтауды қамтамасыз ету. 2016 жылы Бақылау кеңесі 6 рет жиналды. Бақылау кеңесінің назары шоғырланған негізгі мәселелер мыналарды қамтиды:

- «ҚКЖ» ЖШС қаржылық есептілігін және 2015 жылдағы «ҚКЖ» ЖШС компанияларының Тобы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті қарау;
- 2015 жылғы қарашадан бастап 2016 жылғы мамырға дейінгі кезең үшін «ҚКЖ» ЖШС Ішкі аудит бөлімінің жұмыс жоспарының, сондай-ақ 2017 жылға арнаған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау;
- «ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесінің Қаржы және инвестиция жөніндегі комитет және Стратегия жөніндегі комитет мүшелерін бекіту;
- 2016 жыл қызметінің қорытындысы бойынша «ҚКЖ» ЖШС шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу үшін «ҚКЖ» ЖШС компаниялары Тобының сыртқы аудиторуна кандидатураны қарау.





## Корпоративтік басқару

[Корпоративтік басқару принциптері](#)

[Менеджмент құрылымы](#)

[Кмпаниядағы корпоративтік басқару жүйесі](#)

[Бақылау кеңесі](#)

[Атқарушы орган](#)

[Сыйақы туралы ақпарат](#)

## Бақылау кеңесінің құрамы

### Идрисов Динмухамет Аппазович

**Бақылау кеңесінің Төрағасы**

**29.12.1964 жылы дүниеге келген.**

- 06.02.2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің Төрағасы;
- 01.04.2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ordabasy Group» ЖШС Бақылау кеңесінің Төрағасы.

### Канафин Аскар Ахилбекович

**Бақылау кеңесінің мүшесі, Стратегия жөніндегі комитет мүшесі**

**27.11.1972 жылы дүниеге келген.**

- 06.02.2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі;
- 01.11.2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ordabasy Group» ЖШС Басқарма төрағасы;
- 09.2006 жылдан бастап 01.2012 жылға дейін – «Resmi» Компаниялар тобы» АҚ Бас директоры;
- 01.08.2005 жылдан бастап 31.08.2012 жылға дейін – «Innova Investment» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі;
- 03.05.2004 жылдан бастап 31.08.2012 жылға дейін – «Resmi» Инвестициялық Қаржы Үйі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

### Салимова Асия Молдабаевна

**Бақылау кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы**

**13.10.1970 жылы дүниеге келген.**

- 06.02.2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі;
- 20.11.2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ordabasy Group» ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары – комплаенс-директоры;
- 01.11.2006 жылдан бастап 01.02.2013 жылға дейін – «Қазфарм» ЖШС Қаржы директоры.

### Аханов Султан Айтпекович

**Бақылау кеңесінің мүшесі**

**31.01.1984 ж. дүниеге келген.**

- 07.10.2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі;
- 09.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ordabasy Group» ЖШС Басқарушы директоры;
- 06.2011 ж. бастап 09.2015 ж. дейін – «Kazsphere» компаниялар Тобының негізін қалаушы, Бас директоры;
- 09.2010 ж. бастап 06.2011 ж. дейін – Қазақстан–Малайзия сауда палатасының басқарушы директоры.

## Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер

«ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесінің жанында 31.12.2016 жылғы жағдай бойынша үш комитет жұмыс істейді (2014 жылғы 6 ақпанда құрылған):

- 1) Аудит жөніндегі комитет;
- 2) Қаржы және инвестиция жөніндегі комитет;
- 3) Стратегия жөніндегі комитет.

2016 ж. «ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесінің комитеттері 8 рет жиналды. Онда Бақылау кеңесі комитеттерінің назар аударған негізгі мәселелер:

- 2016 жылға арналған бюджетті 2-тоқсаннан бастап жылдың аяғына дейінгі теңгенің АҚШ долларына орташа бағамын түзетуді ескере отырып қарау;
- Компанияның даму сценарийін осы сценарийден шығатын бастамалар мен АҚШ доллары бағамының әсерін ескере отырып қарау;
- Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын қарау;
- 1-жартыжылдықтағы фактінің қорытындысы бойынша Компанияның 2016 жылға арналған кірістер мен шығыстар бюджетіне түзетуді қарау;
- Компанияның есепті кезеңіндегі қаржы-шаруашылық қызметінің нақты нәтижелерін қарау;
- Компания тиімділігінің 2017 жылға арналған негізгі көрсеткіштерін қарау;
- Компанияның Ішкі аудит бөлімінің 2017 жылға арналған жұмыс жоспарын қарау.

**Аудит жөніндегі комитет** Топтың қаржылық есептілігін дайындау процесін талдау, ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудиттің тиімділігі мен тәуелсіздігін талдау процесін талдауды жүзеге асырады. Оның аясындағы жауапкершілік – Топтың ҚР заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету.

**Комитет құрамы:**

- Салимова Асия Молдабаевна – Комитет төрайымы;
- Назханова Гульнара Майэровна – комитет мүшесі;
- Нурмухамбетова Лаззат Тулеухановна – комитет мүшесі;
- Усенко Владимир Иванович – комитет мүшесі.

**Қаржы және инвестиция жөніндегі комитет** қаржы тартуға, тартылған қаржыға тиімді баға белгілеуге, инвестициялық жобаларды бағалауға жауап береді, Топтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Тоқсанына кемінде 1 рет жиналады.

**Комитет құрамы:**

- Каримуллин Аскар Амангельдиевич – Комитет төрағасы;
- Сужикова Жұлдыз Бахытовна – комитет мүшесі;
- Нурмухамбетова Лаззат Тулеухановна – комитет мүшесі;
- Усенко Владимир Иванович – комитет мүшесі.

**Стратегия жөніндегі комитет** топтың дамуының стратегиялық және басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсынымдар шығарады, сондай-ақ инвестициялық жобалардың келешегін және олардың Топ құнының ұлғаюына әсерін бағалайды. Жарты жылда кемінде 1 рет жиналады.

**Комитет құрамы:**

- Идрисов Динмухамет Аппазович – Комитет төрағасы;
- Канафин Аскар Ахилбекович – комитет мүшесі;
- Айтжанов Наби Еркинович – комитет мүшесі;
- Каримуллин Аскар Амангельдиевич – комитет мүшесі.

**Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет.** Ағымдағы күні Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет құрылған жоқ. Компания жоспарында оны орта мерзімді келешекте құру көзделіп отыр.



[Корпоративтік басқару](#)[Корпоративтік басқару принциптері](#)[Менеджмент құрылымы](#)[Кмпаниядағы корпоративтік басқару жүйесі](#)[Бақылау кеңесі](#)[Атқарушы орган](#)[Сыйақы туралы ақпарат](#)

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

Топтың Атқарушы органын Бас директор басқарады, ол қатысушыларға есеп береді, Топтың атынан және оның мүддесіне әрекет етеді және қатысушылар Жалпы жиналысының құзыретіне жататыннан басқа Топ қызметінің барлық ағымдық мәселелерін шешеді.

Бас директор Топ мүддесін білдіреді, Топтың мүлігі мен қаржы құралдарын басқарады, шарттар (келісімшарттар), оның ішінде еңбек шартын жасайды, сенімхаттар береді, банктерде ағымдық және басқа шоттар ашады, штаттық кестені бекітеді, бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Топтың барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді.

## Бас директор, оның орынбасарлары

### Бас директор

#### Айтжанов Наби Еркинович

##### 11.09.1980 ж. дүниеге келген.

- 12.04.2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бас директоры;
- 2008 жылдан бастап 04.2010 жылға дейін – «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Бас директоры;
- 2006 жылдан бастап 2008 жылға дейін – «Энергосбыт» ЖШС директоры;
- 2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін – «Энергопоток» ЖШС директорының орынбасары, директоры.

### Бас директордың орынбасарлары

#### Усенко Владимир Иванович

##### 07.06.1960 ж. дүниеге келген.

- 01.2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бас директорының техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары;
- 01.2009 жылдан бастап 01.2010 жылға дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС корпоративтік басқару бөлімінің бастығы;
- 06.2008 жылдан бастап 09.2008 жылға дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ Электр станциялары бөлімінің бастығы;
- 09.2003 жылдан бастап 03.2008 жылға дейін – «KEGOC» АҚ аймақтық диспетчерлік орталығы – Алматы аймақаралық электр желілерінің аға диспетчері.

#### Нурмухамбетова Лаззат Тулеухановна

##### 28.02.1973 ж. дүниеге келген.


- 01.2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бас директорының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары;
- 11.2008 жылдан бастап 01.2011 жылға дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС бас бухгалтері;
- 10.2007 жылдан бастап 11.2008 жылға дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ бас бухгалтері;
- 2006 жылдан бастап 10.2007 жылға дейін – «Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ» АҚ Есеп және есептілік департаменті Бухгалтерлік есеп басқармасының бастығы.

## СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлемейді, алайда Бақылау кеңесі мүшелерінің және Серіктестіктің Бақылау кеңесі комитеттерінің растау құжаттарының негізінде («ҚЖ» ЖШС қатысушыларының 06.02.2015 ж. Жалпы жиналысының хаттамасымен бекітілген) ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіппен функцияларын орындауға байланысты олардың өздерінің

міндеттерін орындау кезеңінде Бақылау кеңесінің мүшелеріне іссапар шығындарына өтемақы төлеуді жүзеге асырады.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС атқарушы органының мүшелеріне сыйақы 2016 жылы 45 628 мың теңгені құрады (штаттық кесте бойынша жалақы түрінде).



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Топтың тәуекел-менеджментінің жүйесі Топ компанияларының құнын жасауға және сатуға айтарлықтай әсер ететін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқаруға бағытталған. Компания Тобындағы тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты тәуекелдердің басқарылатын деңгейін қабылдаған кезде кірістіліктің ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізу болып табылады. Тәуекелдерді басқару Топ компанияларының мақсатқа жетуіне кері әсер етуі мүмкін жағдайларды анықтауға, алдын-алуға және мейлінше төмендетуге бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі маңызды элементтің бірі әрбір қызметкердің атынан еншілес ұйымдардың (бұдан әрі – ЕҰ) құрылымдық бөлімшелері болып табылады. ЕҰ қызметкерлері күнделікті негізде тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және өзінің функционалдық міндеттерінің аясында олардың елеулі әсеріне мониторинг жүргізеді. Құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспарының орындалуына, өзінің қызметінің аясындағы елеулі тәуекелдерді уақытында анықтау мен ақпараттандыруға және шаралар жоспарына енгізу үшін тәуекелдері басқару бойынша ұсыныстар беруге жауапты.

### Тәуекелдерді басқару жүйесін құру принциптері

- **Жүйелік әдіс.** Тәуекелдерді басқару барлық компания Тобында – басқарудың әрбір деңгейінде және Компанияның және ЕҚ-ның әрбір бөлімшесінде қолданылатын үзіліссіз, динамикалық процесс болып табылады.
- **Бақылау кеңесінің қадағалау функциясы.** Бақылау кеңесі компаниялар Тобын басқарудың активті органы болып табылады және компаниялар Тобының тәуекелдерін басқаруды қадағалауды қамтамасыз етеді.
- **Тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілік.** Компаниялар тобының әрбір қызметкері тәуекелдерді басқару саласындағы мақсаттар мен міндеттер туралы құлақтандырылған және өзінің өкілеттігі, құзыреті, тәуекелдерді басқару жөніндегі басшылық талаптары шегінде компаниялар Тобының тәуекелдерді басқаруға қатысты дербес жауапкершілігін сезінеді.
- **Шешімдер қабылдау деңгейін бөлу.** Тәуекелдерді мейлінше төмендету туралы шешім тәуекелдер маңызына байланысты басқарудың әр түрлі деңгейінде қабылданады.
- **Мақсаттарға байластыру.** Тәуекелдерді басқару компаниялар Тобының стратегиясын әзірлеу мен қалып-


тастыру кезінде пайдаланылады және стратегиялық мақсаттар және нақты процестер мен функциялар нәтижесінде жүзеге асырылады.

- **Уақытында хабарлау.** Шешім қабылдау үшін тәуекелдер туралы ақпаратты жылжыту басқарудың барынша төмен деңгейінен барынша жоғары деңгейге қарау жүзеге асырылады. Ақпаратты жедел ұсыну тұрақты негізде жүргізіледі.
- **Корпоративтік тәуекелді-бағдарлық мәдениетті құру.** Компаниялар Тобының басшылығы, Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару бөлімі және тәуекелдер жөніндегі жетекшілер компаниялар Тобына тәуекелдерді басқару саласындағы білім мен дағдының таратылуын қамтамасыз етеді. Компаниялар Тобында ақпараттарды тиімді алмасу мен тәуекелдерді корпоративтік басқару шеңберіндегі қарым-қатынастық норманы енгізу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.
- **Мақсаттар санатының өзара байланысы.** Тәуекелдерді басқару бір немесе бірнеше жеке, алайда санаттармен қиылысатын мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы



Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) корпоративтік басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейін, компаниялар Тобының барлық процесі мен операцияларын қамтиды. ІБЖ компаниялар Тобының күнделікті операциялары мен процесіне құрылады, кез келген елеулі кемшіліктер мен қабылданған немесе қабылдау керек түзетуші шаралар бөлшектерімен бірге бақылаудың әлсіз жерлері туралы басқарудың тиісті деңгейін дереу ақпараттандыру рәсімін қамтиды.

Тәуекелдер жіктелімі

Тәуекелдер көздерін анықтағаннан кейін олардың әрқайсысы бойынша негізгі 4 санатқа жіктелетін тәуекелдер анықталады:

1. стратегиялық тәуекелдер – стратегияны іске асыру процесінің сәйкес емес мониторингінен және сыртқы жағдайлар өзгерісіне жеткіліксіз жауап беруден компаниялар Тобының ұзақ мерзімді корпоративтік мақсаттарына жетпеу тәуекелдігі;
2. операциялық тәуекелдер – компаниялар Тобының қызметкерлері мен өзге тұлғалар іс-әрекетіндегі, ақпараттық жүйе жұмысындағы ішкі бизнес процесіндегі кемшіліктер немесе қателіктер нәтижесінде немесе сыртқы әсерлер себебінен шығындардың туындау тәуекелдігі;
3. құқықтық тәуекелдер – Қазақстан Республикасы заңнамасының, қағидалардың, ережелердің, ұйғарылған

рәсімнің, ішкі саясаттың, тәртіп пен этикалық норманың бұзушылығы нәтижесінде туындайтын тәуекелдер. Құқықтық тәуекелдер талаптарға сәйкестік саласындағы мақсаттарға және есептілікті дайындау саласындағы мақсаттарға жатады (сенімділік пен мерзім);

4. қаржылық тәуекелдер – компаниялар Тобының ақша қаражаты, инвестиция, борыштық құралдар мен туынды қаржы құралдары сияқты қаржы ресурстарын басқару нәтижесінде туындайтын тәуекелдер. Капитал құрылымына, кірістіліктің төмендеуіне, валюталық бағамның ауытқуына, пайыздық мөлшерлемеге, кредиттік тәуекелдікке, өтімділік тәуекеліне байланысты тәуекелдерді қамтиды.

Бизнес-стратегияны іске асыруға әсер ететін негізгі тәуекелдер

Тәуекелдің атауы	Тәуекелдің сипаты	Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
<b>Стратегиялық тәуекелдер</b>		
Заңнаманың тұжырымдамалық өзгерісінің тәуекелі.	Қуат нарығының қабылданған үлгісінің мерзімін ықтимал ауыстыруға/қабылдамауға байланысты Компанияның дамуының қабылданған жоспарының орындалмауы.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заңнамалық база жобаларын әзірлеу бойынша жұмыс тобына қатысу.</li> <li>2. Заңнамалық база жобаларын талдау.</li> <li>3. Заңнамалық жобаларға ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу.</li> <li>4. Компания дамуының қабылданған жоспарын іске асырудың балама нұсқаларын әзірлеу.</li> </ol>
Ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты инвестициялық тәуекелдерге әсерін болдырмау.	Инвестициялық жобаларды тиімсіз басқару тәуекелі (инвестициялық жобаның өмірлік айналымының барлық кезеңінде: ЖЭО дайындау сатысынан бастап жобаны іске асыру тиімділігін бағалауды қоса алғанда, жоба бойынша барлық жұмысты аяқтағанға дейін).	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Инвестициялық жобалардың барлық кезеңі бойынша алқалық талдау және шешім: шығындар мен нәтижелерді бағалау, өзін-өзі ақтау мерзімін талдау.</li> <li>2. Компанияның бекітілген өлшемдеріне сәйкес ТЖҚ жеткізушісі бағалау мен таңдау.</li> <li>3. Шарттық жұмыс: шарт жобасын сараптау, шартқа қоюшы тұлғаның өкілеттігін тексеру, шарттық қатынастарды уақытында ресімдеу.</li> <li>4. Мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерін орындалуын бақылау (көлемді, мерзімді, сапаны).</li> <li>5. Жүргізілген шығындар мен шығыстарды бақылау, жоспарлық мәліметтермен салыстыру.</li> <li>6. Ақша қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау.</li> <li>7. Авторлық және техникалық қадағалау.</li> <li>8. Алдын-ала сынаулар.</li> <li>9. Сапа мен тиімділіктің кепілдік мерзімін бақылау.</li> <li>10. Әзірленген және бекітілген инвестициялық саясаттың/регламенттің болуы.</li> </ol>
<b>Операциялық тәуекелдер</b>		
Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының ережесін бұзу.	Қауіпсіз және салауаты еңбек шартын қамтамасыз ету қабілетсіздігі.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білікті тексеру.</li> <li>2. Нарядты жүйе.</li> <li>3. Жұмыс орнын тексеру.</li> <li>4. Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заңнама талаптарын сақтау.</li> <li>5. Еңбек, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жазатайым жағдайдан міндетті сақтандыру бойынша шарттық жасалуын бақылау; жұмыс берушінің АҚЖ міндетті сақтадыру – жыл сайын.</li> <li>6. Өндірістік қызметкерлерді сүтпен қамтамасыз ету, ауыз сумен, ЖҚҚ-мен, жуу және дезинфекциялаушы құралдармен, дәрі-дәрмек қобдишасымен, НТҚ-мен қамтамасыз ету.</li> </ol>

Сәйкестендірілген тәуекелдер мәнге қатысты тәуекелдер картасында көрсетіледі:

- Қызыл аймақ** – компаниялар Тобы үшін төтенше болып табылатын тәуекелдер
- Сары аймақ** – басталудың орташа ықтималдығы бар тәуекелдер
- Жасыл аймақ** – басталудың төмен ықтималдығы бар тәуекелдер

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдің атауы	Тәуекелдің сипаты	Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
Технологиялық бұзушылық	<ul style="list-style-type: none"> <li>қатаң ауа райы-климаттық жағдай өндіріс жүйесінің жоспардан тыс тоқтап қалуына, электр энергиясын босатпауға (электрмен жабдықтаудағы үзіліс) алып келуі мүмкін;</li> <li>ауа райы климаттық жағдайдың өзгерісі электр энергиясын тарату мен бөлу жүйесінде үзіліске алып келеді (аудандастырудың ағымдық картасы ескі желілердің жобалық шешімдеріне сәйкес келмейді);</li> <li>тозу дәрежесі жоғары қондырғылармен жұмыс және өндірістік қондырғыны пайдалану режимін сақтамау.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Қондырғыны тексеруді (жоспарлық және жоспардан тыс) орындау нәтижесінде ақаулықты уақытында анықтау.</li> <li>Қондырғыларды сынау.</li> <li>Ағымдық күрделі және апаттық-қалпына келтіру жөндеулерін жүргізу.</li> <li>Қондырғыны жаңғырту мен реконструкциялау бойынша инвестициялық жобаны іске асыру (қондырғының тозуының төмендеуі).</li> <li>Негізгі аппараттық қамтамасыз етудің апатты резервінің болуы.</li> <li>Сел кезеңіне дайындалу бойынша шаралар.</li> <li>Жауын-шашын маусымына дайындалу бойынша шаралар.</li> <li>Күзгі-қысқы маусымға (КҚМ) дайындалу бойынша шаралар.</li> </ol>

Қаржылық тәуекелдер

Пайыздық тәуекелдер	Қолданыстағы міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлеменің өсуі.	<ol style="list-style-type: none"> <li>Басқарылатын заемдар бойынша пайыздық мөлшерлеменің ауытқуы бойынша тәуекелдер, мөлшерлеме өсімі жоқ, яғни мөлшерлеме пайызының көлемі кредиттік шарттарға бекітілген.</li> <li>Қажет жағдайда байланысты тараптардан пайызсыз қаржылық көмек тарту.</li> <li>Қаржылық шығындарды оңтайландыру мақсатында (пайыздық мөлшерлемені төмендету) банктермен және мемлекеттік мекемелермен өзара ықпалдастық.</li> </ol>
Валюталық тәуекелдік	АҚШ доллары бағамының теңгеге қатынасының өзгеруі.	Белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша және ұлттық валютада заемдық қаражат тарту.
Өтімділік тәуекелдігі	Топтың төлем қабілетсіздігі және контрагенттер алдындағы өзінің міндеттемелерін орындамау тәуекелдігі.	<ol style="list-style-type: none"> <li>Айналым капиталын бақылау, тұтынушылар төлемін қадағалау.</li> <li>Топтың барлық компаниялары бойынша қолма-қол ақша балансын күнделікті шығару.</li> <li>Төлемнің уақытында төленуін бақылау.</li> <li>Ковенантты орындаудың тоқсандық мониторингі.</li> <li>Топ компанияларының ішкі және сыртқы аудиті.</li> <li>Топ компанияларын бюджеттеудің енгізілген бірыңғай жүйесі.</li> <li>Овердрафттар тарту.</li> </ol>

Тәуекелдің атауы	Тәуекелдің сипаты	Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
	<b>Құқықтық тәуекелдер</b>	
ҚР экологиялық заңнамасының, атап айтқанда лақтырындылар талаптарын бұзу	ҚР жылуэлектр орталықтары үшін парник гадарына бөлінген бекітілген көлемнің болмауы экологиялық заңнаманы бұзушылық тәуекеліне, атап айтқанда бөлінген квота көлемінің артуына және демек, әлеуетті жеткіліксіз квота көлемін алудың ықтимал шығынына және бөлінген квотадан асып кеткен жағдайда, айыппұлға алып келеді.	<ol style="list-style-type: none"> <li>Экология саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне түзетулер мен ұсыныстарға жүйелі түрде бастама білдіру, атап айтқанда парник газдарының лақтырындыларына қойылатын әділ және жеткілікті талаптарды белгілеу.</li> <li>Нормативтік құқықтық базаға өзгерістер енгізу мәселесі бойынша экология саласындағы уәкілетті органның төрағалығымен жұмыс тобына қатысу.</li> </ol>



[Тұрақты даму туралы есеп](#)

[Қоршаған ортаны қорғау](#)

[Әлеуметтік жауапкершілік](#)

[Қайырымдылық пен демейшілік](#)

[Денсаулық пен еңбек](#)

[қауіпсіздігі](#)

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қоршаған ортаға әсер ететін Топтың негізгі активтері «Қараганда Энергоцентр» ЖШС-ның өндіруші қуаты болып табылады. Ақпаратты ашудың маңыздылық принципіне сәйкес Компания жылдық есепте нақ осы еншілес ұйым бойынша қоршаған ортаны қорғау мәселесін ашады.

«Қараганда Энергоцентр» ЖШС қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті экологиялық тепе-теңдікті сақтау, қоғамның экологиялық тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттігін толық деңгейде сезіне отырып, өзінің күнделікті жұмысының ажырамайтын бөлігі ретінде қарайды. 2016 жылы Компания экологиялық менеджменттің қолданыстағы жүйесінің ISO 14001 стандарт талаптарына сәйкестігін ойдағыдай растады.

Қоршаған ортаға жауапкершілікті қатынас – «Қараганда Энергоцентр» ЖШС Экологиялық саясатының өзекті принципі. Аталған саясаттың мақсаты қоршаған ортаға кері әсерді мейлінше төмендету, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге жауапкершілік, энергия үнемдеу және Компания қызметінде

табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады. «Қараганда Энергоцентр» ЖШС басшылығы ластануды тұрақты жақсарту мен алдын-алу бойынша қабылдаған Экологиялық саясаттың міндеттемесін іске асыру, сондай-ақ қолданылатын заңнамалық және «Қараганда Энергоцентр» ЖШС-ның өзінің экологиялық аспектілерінің бөлігіне қатысы бар басқа талаптарға сәйкестігі үшін өзіне жауапкершілік алады. Компанияның әрбір қызметкері, сондай-ақ Компания мүддесіне жұмыс істейтін мердігерлік ұйымның қызметкері «Қараганда Энергоцентр» ЖШС Экологиялық саясатымен танысқан.

«Қараганда Энергоцентр» ЖШС-да жыл сайын Экологиялық бағдарлама жасалады, онда қажетті табиғат қорғау шаралары, сондай-ақ оларды орындауға арналған шығындар анықталған.

2016 жылы кәсіпорынның өзінің және жақтас ұйымдардың күшімен қоршаған ортаны қорғау бойынша төмендегідей шаралар өткізілді:

### Қарағанды ЖЭО-1

- БКЗ-50 № 1-5 қазандығы мен ПТВП-100 № 1-3 ЗУУ режимдік-реттеу сынағы.
- Тозған тораптарды тексеру мен жөндеу, БКЗ-50 № 1-5 қазандық агрегаттары ЗУУ сормаларын жою.
- Тозған тораптарды тексеру мен жөндеу, ПТВП-100 № 1-3 қазандық агрегаттары ЗУУ сормаларын жою.
- Санитарлық-қорғаныс және селителік аймақ шекарасындағы атмосфералық ауаға әсер мониторингі.
- Зиянды заттардың станцияның қазандық агрегаттарынан болатын атмосфераға лақтырындыларына аспаптық өлшеу жүргізу.
- КВЦ бекіту арматурасын жөндеу және ішінара ауыстыру.
- Сорғымен ағартылған суды тексеру және жөндеу.
- Жазғы кезеңде жалаңаштанған жағажайға саздақ топырақты күл үйіндісін себу арқылы (шаңды басу) күл үйіндісіне іргелес жер учаскелерін күл қоқысты қалдықтардан қорғау.

### Қарағанды ЖЭО-3

- Жағу құрылғысын жөндеу және ішінара ауыстыру және № 1,2 қазандық агрегаттарындағы «Котлера» конструкцияның ернеушесін қалпына келтіру.
- № 1-7 қазандық агрегаттарындағы күл ұстайтын қондырғыларды режимдік-реттеу сынағы.
- Тозған тораптарды тексеру, ауыстыру, № 1-7 қазандық агрегаттарындағы күл ұстайтын қондырғылардағы сормаларды жою.

- Топырақ жамылғысына мониторинг жүргізу.
- Құрамында сынап бар шамды жарық диодты шырағандарға ауыстыру.
- Пайдаланылған майды, РТИ қалдықтарын, бояу ыдыстарын жеке қажеттілікке екінші рет пайдалану.
- Қалдықтарды өңдеу, ұқсату және орналастыру үшін мүдделі жеке және заңды тұлғаларға иесіздендіру.
- Күл қоқысты қалдықтардың радиациялық сапасына сынақ жүргізу.
- Экология саласында нормативтік құжаттаманы әзірлеу.
- Экология саласындағы біліктілікті арттыру.
- Жаңбыр қондырғыларының (арнайы автомашина) көмегімен күл үйіндісінде жүргізілетін жұмыс аумағын мерзімдік суару.
- Күл қоқыс қалдықтарын құрғақтай қалау орнын қалпына келтірудің техникалық кезеңі.

- «Вентури» құбыры мен скрубберді № 2 қазандық агрегатындағы 2-буындағы эмульгаторларға ауыстыру.
- Су бөлгіштегі бекітпе арматураны жөндеу және ішінара ауыстыру.
- Жер ресурстарын тиімді пайдалану және топырақтың өндіріс қалдықтарымен ластануын төмендету.
- Аумақты неғалдандыру.
- Қауіптіліктің янтарлық деңгейіндегі қалдықтың пайда болу көлемін төмендету.







Тұрақты даму туралы есеп

Қоршаған ортаны қорғау

Әлеуметтік жауапкершілік

Қайырымдылық пен демейшілік

Денсаулық пен еңбек

қауіпсіздігі

торларды ауыстыру арқылы № 2 ст. Т-110/120-130 типіндегі турбоагрегатты жаңғырту» болды.

Қарағанды ЖЭО-1-дегі жылу желілерін, жылу оқшаулағыштарды қалпына келтіру жылу шығынын 1 598 Гкал/жыл көлемінде қысқартуға мүмкіндік берді. Қарағанды ЖЭО-3-тегі ст. № 3 ПВД т/а жанатын секцияны ауыстыру қоректік судың орташа температурасын 13 °С-ға ұлғайтуға алып келді.

Т-100/110 типіндегі жылумен қамтитын қондырғысы бар жұптағы Е-670 типіндегі энергетикалық қазандық агрегатын орнату жолымен Қарағанды ЖЭО-ті кеңейтуөндірістегі көмір шығынын 176 220 тоннаға төмендетуге мүмкіндік берді. Орта және төмен қысымды роторларды ауыстыру арқылы Қарағанды ЖЭО-3 ст. № 2 Т-110/120-130 типіндегі турбоагрегатты жаңғырту да көмір тұтынуды 74 900 тонна көлемінде төмендетуге мүмкіндік берді. ЖЭО-3 жекелеген ғимараттары мен жайларындағы бумен жылытуды ыстық суға

**«Қарағанды Жарық» ЖШС**

ISO 50001 халықаралық стандартының негізінде энергетикалық менеджмент жүйесінің енгізілуіне байланысты «Қарағанды Жарық» ЖШС мерзімдік энергия талдауды жүргізуге және «Қарағанды Жарық» ЖШС қолданыстағы біріктірілген менеджмент жүйесінің шеңберінде өндірістің

ауыстыру жылу шығынын 22 504 Гкал-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берді. ЖЭО-3-тегі маркасы ПЭ-500-180 қоректік сорғыны ауыстыру қоректік сорғының бірі істен шыққан кезде тәуекелдікті 77,6 Гкал/сағ немесе 66,7 Мвт-ға мейлінше төмендетуге мүмкіндік берді. ЖЭО-3 циркуляциялық сумен жабдықтау жүйесінде ИОМС-1 антинакипинді пайдалану градиенді сіңіруге су шығынын төмендетуге мүмкіндік берді, ИОМС-1-ді циркуляциялық жүйеге беру нәтижесінде 136 849 м³ үнемделді.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділікті арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2014 жылы «Қарағанда Энергоцентр» ЖШС «Эл-Нур-Сервис» ЖШС-мен жасалған шарт негізінде ҚР Үкіметінің 31.08.2012 ж. № 1115 қаулысымен бекітілген «Энергоаудит жүргізу қағидасының» талаптарына сәйкес Қарағанды ЖЭО-1 және ЖЭО-3-те энергоаудит жүргізілді, оның нәтижесінде 11.12.2014 ж. энергия үнемдеу және энергия тиімділікті арттыру бойынша қорытынды берілді.

энергия тиімділігін арттыру үшін энергия жоспарлауға қойылатын талаптарды белгіледі.

Энергетикалық талдау энергия ресурстарын тұтынуды өлшеу мен мониторинг негізінде өткізіледі.

**«Қарағанды Жарық» ЖШС-ның 2016 жылдағы энергия үнемдеу мен энергия тиімділікті арттыру бойынша шаралар жоспарының орындалу нәтижелері туралы ақпарат**

№	Шаралардың атауы	Іске асыру мерзімі	Есептік кезеңдегі нақты инвестиция (ҚҚС-ті қоса алғанда), теңге	Есептік кезеңде шараларды іске асырудан болатын үнемнің нақты әсері		
				Энергетикалық ресурс атауы	табиғи түрде	ақшалай түрде (ҚҚС-ті қоса алғанда), теңге
1.	Екі және одан көп трансформаторлар бар қосалқы станцияларда трансформаторлардың шағын жүктемелер режимінде ажыратылуы.	жыл ішінде (ұйымдастырылған шара)	–	электрэнергиясы (кВт-с)	1 638 339	13 914 348
2.	Қосалқы станциялардағы жеке қажеттілікке электр энергиясы шығынының төмендеуі	жыл ішінде (ұйымдастырылған шара)	–	электрэнергиясы (кВт-с)	1 747 783	14 843 851
3.	РС-0,4/6-10кВ жаңғырту және салу	жыл ішінде	3 626 636 055	электрэнергиясы (кВт-с)	2 041 534	17 338 667
4.	Компанияның жылу жолындағы жылу оқшаулағышты ауыстыру	желтоқсан 2016 ж.	363 890	жылуэнергиясы (Гкал)	115,89	680 158
5.	ГЛОНАСС/GPS жүйесін орнату	желтоқсан 2016 ж.	9 681 956	ЖҰЖМ (литр)	77 400	9 520 200

**«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2013 жылғы № 904 «Энергия үнемдеу Бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы негізінде «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС ОҚО әкімдігімен бірлесіп, 2015–2020 жылдарға арналған Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша энергия үнемдеудің кешенді жоспарын

әзірлеп, бекітті. Шаралар жоспары электр желілеріндегі нормативтік-техникалық шығынды төмендетуге бағытталған серіктестіктің бекітілген инвестициялық бағдарламасы негізінде әзірленді.

**«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның 2015–2016 жылдардағы энергия үнемдеу бойынша шаралар жоспарының орындалу нәтижелері туралы ақпараты**

Шаралар	2015 ж.			2016 ж.		
